



Палаталардың
бірлескен отырысы:
**БІТІМГЕРЛІК
МИССИЯ**

2



«Орталық Азия –
Италия» форматы:
**РИМНІҢ ҚАДАМЫНДА
БРЮССЕЛЬДІҢ ІЗІ БАР**

3



«АС-СИХАХ»
құнды мұра

12

ТАРИХИ АЛТЫН:

чемпион елге оралды

Канвон–2024 жасөспірімдер олимпиадасында тарихи алтын жүлдені жеңген жерлесіміз Илья Мизерных Алматыға оралды. Су жаңа чемпионды Алматы халықаралық әуежайында ресми өкілдер мен жанкүйерлер салтанатты түрде қарсы алды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Оңтүстік Кореяның Канвон қаласында өтіп жатқан Қысқы жасөспірімдер олимпиадасында Илья шаңғымен тұғырдан секіру сайысында 38 қарсыласының алдын орап, чемпион атанған болатын. Бұл жүлде ел тарихындағы Қысқы жасөспірімдер олимпиадасының алғашқы алтыны болды.

– Бала кезде мен барлығымен айналыстым. Футбол да ойнадым, жүгірдім де, басқа

да спортпен айналыстым. Бірақ олардың барлығы хобби секілді болды. Ал шаңғымен тұғырдан секіру мен үшін өмірімдегі басты бағытқа айналды. Жеңіс тұғырына шыққан кезде барлық қысым, қобалжу артта қалды. «Біз осы жарыстағы мақсатымызға жеттік» деп ойладым. Бірақ бұл жетістік тек менікі ғана емес, барлық командамызға ортақ. Жаттықтырушыларға алғыс айтамын. Олар біз көрмейтін, түсінбейтін тұстарды байқап, әрдайым көмектесіп, бізді шыңдап келеді, – деді Илья Мизерных.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи жетістіктің иесі, жеңімпаз Илья Мизерныхты арнайы құттықтаған болатын. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында жазды.

«Мемлекет басшысы чемпионның әлі де талай жеңіс тұғырынан көрініп, биіктерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ, Канвондағы додаға қатысып жатқан отандық спортшыларға табыс тіледі», делінген жазбада.

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №6 (6457) 23 қаңтар, сәуірсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АЛМАТЫНЫҢ АПОРТЫ

әлемдік нарыққа шығарылатын болады



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италияға ресми сапары аясында БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) бас директоры Цюй Дунъюймен кездесті.

Президент жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және агроөнеркәсіп кешенінің орнықты дамуын ілгерілетудің маңыздылығына назар аударды. Алматының әйгілі апортын таныстырып, аталмыш алма сортының халықаралық нарықта жоғары бағаға ие әлеуетін атап өтті. Елімізде FAO-ның Орталық Азиядағы өңірлік бөлімшесін ашуды ұсынды.

• «Қазақстан – алманың отаны ретінде кеңінен танымал. Апорт сұрпы еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматының маңайында өседі. Біз алманың осы түрін өздеріңізбен күш біріктіре отырып, әлем нарығына шығаруға ниеттіміз. Осы бастамамызды іске асыру барысында Сіздің жеке қолдауыңызға арқа сүйейміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан жергілікті бірегей ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін тұрақты өндіріс және сауда тізбектерін жетілдіруді көздейтін FAO-ның «Бір ел – бір негізгі өнім» бастамасына қатысады. Ал Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры Цюй Дунъюйдің пікірінше, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және гуманитарлық көмек көрсету ісінде Қазақстан аймақта ғана емес, бүкіл әлемде елеулі рөл атқарады.

(Мемлекет басшысының Италияға ресми сапары туралы сараптамалық топтаманы 3-беттен оқыңыздар).

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.01.2024

Түнде:



-9 -11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1 +3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.

Желдің жылдамдығы:

0-5 м/с

24.01.2024

Түнде:



-3 -5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2 +4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӘРБІР АЗАМАТ ӨЗІН ҚАУІПСІЗ СЕЗІНУГЕ ТИІС

Заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті.**Мемлекетте заң талаптары мұлтіксіз орындалуы керек**

Президент елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын біржола орнықтыруда полиция айрықша рөл атқаратынын, қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет әрі жауапкершілігі өте үлкен жұмыс екенін атап өтті: «Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Ең алдымен, мемлекетте заң талаптары мұлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс. Құқықтық сауаттың төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады. Мұның бәрі, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді, мемлекеттің абыройына нұқсан келтіреді. Қоғамдық жерлердегі вандализм – соның айқын көрінісі».


– Халқымыздың дүниетанымына жат идеология да елімізге зор қауіп төндіреді. Әсіресе, жас ұрпақ жасанды идеялар мен «жалған батырлардың» жетегіне ілесіп кетуі мүмкін. Әлеуметтік желіде жастарды заңсыз іс-әрекет жасауға шақыратын материалдар таралуда. Тіпті, заң бұзған адамдарды үлгі етіп көрсететіндер бар. Біздің азаматтарымыз кез келген заңсыздыққа қарсы болуы керек, яғни бізге заң бұзушылыққа төтеп беретін мықты иммунитет қажет. Ел ішіне ірікті салатын, қауіп төндіретін әрекеттерді ақтауға қатаң тосқауыл қою керек. Құқықтық нигилизмге, яғни заң үстемдігін жоққа шығаруға жол берілмеуге тиіс. Заңға деген құрмет

адал азаматқа тән қасиеттің бірі ретінде дәріптелуі қажет. Бұл – мемлекеттік органдарға ғана емес, барша халыққа ортақ міндет. Қысқасы, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне баса мән бергені жөн деп санайды. Заңды бұзуға бейім азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу маңызды. Бүгінде қылмыстың алдын алу шаралары тиімді жүргізіліп жатқан жоқ. Мұны мойындау керек. Сондықтан жүйені түбегейлі жаңарту қажет. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында бірыңғай заң әзірлейтін уақыт жетті. Заң жобасында профилактикадан өтетін азаматтар тізімін толықтай қайта қараған жөн. Жауапты органдардың құзыреттерін, үйлестіру тетіктерін, жеке профилактика құралдарын нақтылау қажет. Президент мұның, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте маңызды зор екенін атап өтті.

Қоғаммен бірге полиция да түбегейлі өзгеруге тиіс

Президенттің айтуынша, полицияның сервистік моделінің негізгі қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыру қажет. Бұл, ең алдымен, қоғамның талап-тілегіне құлақ асып, шұғыл әрекет ете білу деген сөз. Халыққа ынтымақтастықтың өзара тиімді формасын ұсынып, кері байланыстың оңтайлы жолдарын реттеу маңызды. Қоғаммен бірге полиция да түбегейлі өзгеруге тиіс.



– Полиция қашанда халыққа үлгі-өнеге болуы керек. Сонда ғана жұрт полицияға сенеді, оны қорған көреді. Өкінішке қарай, тәртіп сақшыларының бәрі бірдей сондай деп айта алмаймыз. Ауыр қылмыс жасаған қызметкерлер анықталып жатыр. Соңғы кезде мұндай оқиғалар жиілеп кетті. Бұған жол бермеуіміз керек және ондай әрекеттерді мүлдем ақтауға болмайды. Осындай жағдайлар бүкіл жеке құрамның жұмысын бір сәтте жоққа шығарады. Ондай адамдарды полиция қатарынан шығару қажет. Олар биліктің абырой-беделін түсіреді. Қызметкерлерін дер кезінде тәртіпке салмаған басшылар мәселесін де қарау керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударды. Атап айтқанда, былтыр кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны 22 пайызға артқан. Мемлекет басшысының пікірінше, осы бағытта алдын алу

жұмыстарын күшейту қажет. Полиция мектеп басшылығымен бірлесе жұмыс атқаруға тиіс.

– Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бәрінен маңызды. Үкіметке балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесін мұқият саралап, нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Жасөспірімдер бос жүрмеуге тиіс. Олардың шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлік қызметке жұмылдырған абзал. Көзбояушылық үшін жасалатын жұмысты доғару керек, – деді Мемлекет басшысы.

Статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтату қажет

Президент есірткінің таралуына батыл түрде тосқауыл қоюды талап етті. «Мен бірнеше рет осы мәселеге қатысты тапсырма бердім. Алайда, ауыз толтырып айтатын нәтиже жоқ. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және оның барынша тез таралуы жастар

арасында нашақорлықтың белең алуына әкеп соқтырады. Оларға нашақорлықтың қаншалықты қатерлі екенін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Полиция есірткі өндіру, оны сату және таратуға қарсы белсенді күрес жүргізуі керек. Науқаншылық, көзбояушылық және статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтату қажет».

Сонымен қатар, киберқылмыспен және интернет-алаяқтықпен күрес шараларын күшейту жөнінде тапсырма берілді.

Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылығы, өңірлердің әкімдері, ПМ алқа мүшелері, орталық аппараттың басшылық құрамы және аумақтық полиция департаменттерінің жетекшілері қатысты.

Алқа отырысы барысында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмысқа, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа, интернет алаяқтыққа қарсы күрес және оның алдын алу шаралары мен жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі туралы есеп берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).

● ПАРЛАМЕНТ

Палаталардың бірлескен отырысы:

БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ

әскери машықты шындайды

19 қаңтарда Парламент Палаталарының бірлескен отырысы өтті. Басты мәселе – әскерімізді халықаралық бітімгерлік миссияларына жіберу не жібермеу сұрағы. Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Қарулы Күштерін БҰҰ аясында бітімгерлік миссияларға жіберу туралы ұсыныс жасаған еді. Парламент Президенттің ұсынысын бірауыздан мақұлдады. Десе де, халықта «бізге мынаы не керекі бар?» деген сұрақ болуы мүмкін. Ендеше, осы сұраққа жауап іздеп көрсек.

**Пердехан ШӘМШИЕВ****Депутаттар қандай шешім қабылдады?**

Парламентте еліміз үшін маңызды мәселе қаралды. Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен өткен Палаталардың бірлескен отырысында депутаттар Президенттің еліміздің Қарулы Күштерінің бітімгерлік контингентін БҰҰ миссияларына қатысу үшін жіберу туралы ұсынысын талқылады.

Мемлекет басшысының Үндеуін Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов оқыды. Ұсынысқа сәйкес ұзын саны 430 адамға дейінгі бітімгерлік контингентін халықаралық миссияларға жіберу көзделді. Олардың құрамына резервтегі рота, штаб офицерлері, әскери бақылаушылар және мамандандырылған бөлімшелер кіреді.

Бітімгерлік контингентті «Голан биіктеріндегі БҰҰ-ның бөлу

байқау күштері» (UNDOF, Сирия – Израиль), «БҰҰ бітімге келу шарттарының орындалуын байқау жөніндегі органы» (UNTSO, Палестина – Израиль), «БҰҰ-ның Оңтүстік Судан Республикасындағы Миссиясы» (UNMISS, Оңтүстік Судан), «БҰҰ-ның Абьейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі уақытша күштері» (UNISFA, Судан) сияқты миссияларға жіберу көзделуде.

Депутаттар Президенттің ұсынысын талқылап, оны қолдау туралы шешім қабылдады. Мәжілістегі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспаннның сөзінше, Президенттің ұсынысы еліміздің бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайту бағытындағы саясатының жалғасы.

БҰҰ-ның миссияларына қатысу не үшін қажет?

Ресми мәлімдемде БҰҰ-ның миссияларына қатысу Қазақстан Қарулы Күштеріне әскерлердің

жауынгерлік машықтарын жетілдіру үшін пайдаланылатын бітімгершілік операцияларға тән қажетті жауынгерлік дағдыларға қол жеткізуге мүмкіндік береді делінген. Шынында да, әскер күресте шыңдалады. Күрес міндетті түрде өзге елмен соғысу дегенді білдірмейді. Еліміздің сыртқы саясаты халықаралық саяси, әскери қақтығыстардан бейтарап болуды көздейді. Бейтараптық мүлдем қол қусырып отыруды білдірмейді. Керісінше, белсенді әрекеттен тұрады. Біздің сыртқы саясатымыз араздасушы тараптарды бітімге келуге, түсініспеушілікті бейбіт жолмен диалог арқылы шешуге бағытталған. Сондықтан да бітімгерлік миссияларға әскеріміздің қатысуы сыртқы саясатымыздың бір бөлігі.

Мемлекеттік Кеңесші Ерлан Қариннің де пікірі ойымызды толықтырады. Оның сөзінше: «БҰҰ-ның бітімгерлік қызметіне атсалысу – Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бөлігі. Бұл біздің соғыс пен қақтығыстардың алдын алуға қатысты бірлескен іс-әрекетке қосқан үлесіміз». Шынында да, еліміз бітімгерлік миссияларға қатысу арқылы соғыс пен қақтығыстардың алдын алуға үлес қосуда. Халықаралық қауымдастық алдында еліміз жайлы жағымды пікір қалыптастырудың бірден-бір жолы осы. Күнде әркімнен араздасатын ел туралы жағымды пікір ешқашан қалыптаспайды.

Бұдан бөлек, Қарулы Күштерімізді бітімгерлік миссиясына жіберудің геосаяси астары да бар. Қазір әлемнің әр нүктесінде қарулы қақтығыстар жүріп жатыр. Сыртқы агрессиядан ешкім де сақтанбаған. Сондықтан әскеріміздің қақтығысқа сакадай сай болғаны жөн. Халықаралық қақтығыстарға қатыспаса да оларды көріп көзі үйренуі тиіс. Кезінде Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы және Ахмет Байтұрсынұлы Бірінші дүниежүзілік соғыста халық жаппай тыл жұмыстарына қарсы көтеріліп жатқанда, керісінше, сонда барып соғыс өнерін үйренуге үгіттеген болатын. Себебі, еліміздің сол заманда да әскери әлеуеті төмен еді. Ал кәсіби әскерсіз тәуелсіз мемлекет құру мүмкін емес.

10 жылдық тәжірибе бар

2014 жылдан бастап Қазақстан БҰҰ бітімгерлік миссияларына қатысушы мемлекет. Содан бері 67 Қазақстан офицері БҰҰ-ның Батыс Сахарадағы, Кот-д'Ивуардағы, Малидегі, Орталық Африка Республикасындағы және Ливандағы миссияларына әскери байқаушы және штабтық офицер ретінде қатысты. 2018 жылдан бастап 538 Қазақстан әскери қызметшісі бітімгершілік бөлімше құрамында «БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштері» миссиясына қатысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан әскерілері БҰҰ-ның миссияларында: Батыс Сахарада 6 офицер, Орталық

Африка Республикасында 2 офицер, Конго Демократиялық Республикасында 2 офицер, Ливанда 9 әскери қызметші қызмет өткеруде.

Бітімгерлік миссияларға қатысуға елімізде заңнамалық негіз де қалыптасқан. 2015 жылы 15 маусымда «ҚР Бітімгерлік қызмет туралы заңы» қабылданды. Бұл заң еліміздің ұлттық контингентінің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға (миссияларға) қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Занда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға (миссияларға) мынадай анықтама берілген:

«Болуы ықтимал немесе болып жатқан қарулы қақтығыс аймақтарындағы (аудандарындағы) ахуалды тұрақтандыру үшін БҰҰ Жарғысына сәйкес қолданылатын, бітімгершілік операциялар жүргізуге арналған мандатқа сәйкес жүзеге асырылатын және қақтығысты шешуге ықпал ететін жағдайларды жасауға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға немесе қалпына келтіруге бағытталған, әскери және азаматтық персоналдың мақсаттары, міндеттері, орны мен уақыты бойынша өзара байланысты және келісілген іс-қимылдар жиынтығы».

Демек, бітімгерлік миссиясының басты мақсаты болуы мүмкін немесе болып жатқан қарулы қақтығыс аймағындағы ахуалды тұрақтандыру.



ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

екіжақты қарым-қатынасты өркендету үшін зор мүмкіндік

Мемлекет басшысы 18–19 қаңтар күндері Италия және Ватикан мемлекеттерінде ресми сапармен болды. Сапар барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Президенті Серджо Маттарелламен, Премьер-министр Джорджа Мелонимен келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Ватиканда Рим Папасы Францискпен де кездесті.

Италия – Қазақстанның Еуропадағы негізгі сауда серіктестерінің бірі және ел экономикасындағы ең ірі инвесторлардың бестігіне кіреді. Қос мемлекет арасындағы тауар айналымы 15 миллиард долларға жуықтады. Италиядан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестиция 7,3 миллиард долларды құрайды. Мемлекет басшысының сапары аясында Қазақстан–Италия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, аграрлық, мәдени-гуманитарлық, білім беру салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ жасыл энергетика және екі мемлекеттің астаналары арасындағы әуе қатынасын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылып, жауапты мекемелер арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Кездесу соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Италия Премьер-министрі бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Еліміздің Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Италия бүгінде Қазақстанның немірі бірінші экспорттық сауда серіктесі.

- Италия – Қазақстан арасындағы өзара сауда-саттық көлемі 14,5 миллиард доллардан асады. Тауар жылдары екі ел арасындағы тауар айналымы 20 миллиард долларға жетпек.
- Қазақстан нарығында 300-ге жуық италиялық компания жұмыс істейді, соның ішінде ENI кәсіпорны да бар.



(Фотодереккөз: «akorda.kz»)

Милан мен Венецияда қазақ мәдениеті мен әдебиеті орталығы бар

Қазіргі таңда мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық байланыстардан бөлек, қоғамдық дипломатияның рөлі мен ықпалы өте зор. Мемлекет басшысы Италияға сапары аясында Алматыда Италия мәдениеті институтының ашылуын құптап, мәдени дипломатия, білім беру саласындағы серіктестік және туризм елдер арасындағы байланыстарды тереңдетуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Италия Республикасының Университеттер және зерттеулер министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум аясында отандық ғылыми-зерттеу орталықтары және қос мемлекет ғалымдары арасындағы тәжірибе алмасу, ортақ жобаларды жүзеге асыру артап. Амбросиана кітапханасы (Милан) және Ка Фоскари университеті (Венеция) жанынан Қазақ мәдениеті мен әдебиеті орталығы ашылып, жүйелі жұмыс жасауда.

Инвестициялық мүмкіндіктер: ауқымды шаралар негізі қаланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев «Қазақстан–Италия» инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысты. Қазақстан – Италияның Орталық Азиядағы негізгі экономикалық әріптесіне айналған. Халықаралық инвестициялық саясатта, мемлекеттің саяси тұрақтылығы, заңның үстем болуы, әрбір инвестор үшін өте маңызды. Ауқымды инвестициялық жобаларды елімізге тарту үшін, Қазақстандағы стандарттарды, ережелерді және бизнес жүргізу тәжірибесін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының деңгейіне жеткізу өте маңызды. Болашақта қос мемлекет арасындағы экономикалық байланыс, энергетика, ауыл шаруашылығы және көлік-логистика саласында артап.

• **Қазақстан мұнайының 80%-ы Еуропаға экспортталауда. Өз кезегінде, бұл ауқым Еуропа Одағына қажетті мұнайдың 10%-ын құрайды.**

• **Қазақстан мен Италия арасындағы тауар айналымы бүгінде 15 миллиард долларға жуықтады.**

• **Италиядан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестиция 7,3 миллиард долларды құрады.**

Италия электр энергиясының үштен бірін «жасыл энергетика» көздері есебінен өндіреді. Еуропа Одағындағы баламалы энергия көздерін өндіруде алдыңғы қатарлы ел. Жартылатын энергия саласындағы біздің әлеуетіміз 1 триллион кВт/сағ деп бағаланады. Сондықтан да аталмыш салада Италия және Қазақстан ынтымақтастығы артуына

толықтай негіз бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл маңызды саладағы әріптестікті, мейлі ол өндіріс, технология трансферті немесе тәжірибе алмасу болсын дамытуға мүдделі екендігімізді атап өтті. Жақын болашақта аса маңызды шикізатты өндіру және өңдеу саласында жаһандық сұраныстың еселеп өсетіні белгілі.

• **Дүниежүзілік банктің бағалауынша, елімізде құны 46 триллион доллардан асатын бес мыңнан астам барланбаған кен орны бар. Сәйкесінше, Қазақстан бүгінде Еуропа Одағына мүше елдердің экономикасына қажетті ең маңызды 34 шикізаттың 19 түрін өндіреді. Болашақта италиялық инвесторлармен әріптестікте елімізде әлем нарығына қажетті кобальт, вольфрам, литий сияқты пайдалы қазбалардың 9 түрі игерілетін болады.**

Италия және Қазақстан арасындағы келесі бір маңызды сала, бұл – көлік-логистика саласы. Соңғы жылдары еліміз Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытып, өңірлік хабқа айналды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы негізінде ортақ сауда жолы Еуропа Одағының Трансеуропалық көлік желісімен және «Жаһандық қақпа» стратегиясымен ұштасатын болмақ. Бұл Қытай, Оңтүстік Азия және Еуропа бағыттарындағы тауар тасымалын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағы арқылы өтетін 13 халықаралық бағыттың, сондай-ақ Алматы мен Милан арасындағы тікелей әуе рейстерінің арқасында екі елдің қарым-қатынасы бұрынғыдан да беки түспек.

Қазақстан территориясының 70 пайыздан астамы ауыл шаруашылығына жарамды. Президент Қазақстан италиялық серіктестерімен бірге дәнді және майлы дақылдарды өсіру, сондай-ақ макарон, ет және сүт өнімдерін өндіру бағыттарындағы ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екендігін атап өтті. Мемлекеттік сапар аясында ауыл шаруашылығы, биотехнология, фармацевтика салаларындағы инвестициялық мүмкіндіктер екі ел арасындағы ауқымды шараларға негіз қалады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ИТАЛИЯ» ФОРМАТЫ:

РИМНІҢ ҚАДАМЫНДА БРЮССЕЛЬДІҢ ІЗІ БАР

Еуропалық Одақтың аймақпен байланысты нығайтуға ұмтылысының астарында не жатыр?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Италияға ресми сапарындағы келіссөздердің басты ерекшелігі – екі ел арасында ғана емес, «Орталық Азия – Италия» форматындағы байланысты нығайтуға да үлкен қадам жасалды.

Таңдаудың астары: серіктестіктің саяси мәні

Мемлекеттер ұлттық мүддеге сүйеніп саяси байланыс орнатады. Үлкен саясаттың заңдылығы сондай. Бірақ мемлекеттердің бірлестіктері арасындағы байланыста тек ұлттық мүдде ғана емес, ортақ мүдде де ескеріледі. Қазақстан мен Италия арасындағы қарым-қатынаста да осы заңдылық сақталады.

Италия тәуелсіз ел болғанымен Еуропалық Одақ мүшесі. Бір үйде бір шаңырақ болады. Сондықтан қабылданған ортақ шешімге мойынсұнады. ЕО-ның Орталық Азия елдерімен тығыз байланыс орнатуға талпынысы бәрімізге белгілі. Демек, Италияның Қазақстанмен байланысты нығайтуға деген ниетінің астарында осы себеп тұр.

Бытыр естеріңізде болса, Германия Қазақстан мен өзге Орталық Азия елдер басшыларын қонақ етіп еді. Биылғы Италияның Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты жоғары деңгейде күтіп алуы Германияға сапардың жалғасы іспетті. Себебі, «Германия-Орталық Азия» форматындағы кездесулер «Италия-Орталық Азия» кездесулеріне жалғасады. Президентіміздің Италияға сапарының басты жағымды нәтижесі осы. Биыл алғашқы кездесу Римде өтсе, екінші кездесу 2025 жылы Қазақстанда өтпек.

Ресми кездесулердің қайда өтетінін таңдаудың да астарында саяси мән бар. Мысалы, «АҚШ-Орталық Азия» және «Қытай-

Орталық Азия» форматындағы алғашқы кездесулер АҚШ-та және Қытайда өтті. Бұл дипломатиялық тілде екіжақты байланыста қонақ етуші тарап саяси үстем екенін көрсетудің жолы. «Еуропалық Одақ-Орталық Азия» форматындағы кездесулер керісінше өтті. Алғашқы кездесу Қазақстанда өтсе, екіншісі Қырғызстанда өтті. Бұл дипломатиялық тілде тең дәрежеде байланыс орнатуға деген ниетті білдіреді. Бірақ Еуропалық Одақтың мүшелері Германия мен Италияның Орталық Азия елдерінің басшыларын өз елінде қонақ ету ниетінің астарында саяси мән басым екенін көрсетуге деген талпыныс тұрғанын көруге болады.

Бұдан бөлек, АҚШ, Қытай, ЕО (Германия, Италия) Орталық Азия елдерінен Қазақстанға аса мән беретінін көруге болады. Себебі, бұл форматтағы кездесулердің алғашқысы аймақ елдерінің ішінде Қазақстанда өтуде.

Еуропалық Одақтың Орталық Азиямен байланысты нығайтуға ұмтылысының астарында не жатқаны айтпаса да түсінікті. Ол үшін Еуропаның қашаннан бастап аймаққа қызығушылығы артты деген сұраққа жауап беру керек. 2022 жылдан бері Брюссель Орталық Азиямен ынтымақтастықты нығайтты. Себебі, Еуропа құрлығында сол жылы геосаяси жағдай нашарлады. Ресей мен Украина арасындағы текетірес алып елдер мен одақтар арасындағы бәсекені күшейтті. Бәсекенің басты мақсаты – аймаққа ықпал етуге ұмтылыс.

Астана: көпвекторлы саясат сақталады

Биыл Астана алғашқы саяси қадамын Италиядан бастады. Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Еуропа еліне барды. Италия Президенті Серджо Маттарелламен келіссөзде мән беретін екі дүние бар. Бірі – Италия, Еуроодақтың Қазақстан мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастыққа талпынысы, екіншісі – Транскаспий халықаралық көлік бағытын өркендетуге ниеттестіктің болуында. Себебі, осы арқылы Астана тек бір

бағытта емес, жан-жақты көпвекторлы саясатты жалғастыратынын көрсетуде. Мұнай тасымалдайтын Транскаспий халықаралық көлік бағыты Ресей арқылы өтетін Каспий құбыр консорциумына балама жол. Бұл бағытта да көпвекторлылық сақталады деген сөз.

Қазақстан Президенті мен Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелони арасындағы келіссөз соңында 7 құжатқа қол қойылды. Олардың ішінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Италияның «ENI» компаниясы арасындағы келісімге назар аударған жөн. Келісімге қарағанда гибриділік электр станциясын, яғни жел және күн энергиясын өндіретін станциялар салу туралы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделмек. Еліміздің халқы, экономикасы өсуде. Бұл энергетикаға сұранысты арттырады. Сондықтан түрлі электр станциялары қажет. Мұның да астарында саясат бар. Осылайша Италиялық компанияны тарту арқылы көпвекторлы экономикалық саясат жүзеге асуда.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Римге ресми сапары аясында Италияның бизнес өкілдерімен де кездесті. Инвестициялық дөңгелек үстел аяқталған соң төрт екіжақты құжатқа қол қойылды.

Бұл келісімдердің ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ мен Ansaldo Energia SpA арасындағы Алматыдағы ЖЭО-3-ті реконструкциялау туралы келісімді ерекше атап өтуге болады. Себебі, соңғы кезде Ресейдің Өскемен, Семей және Көкшетауда ЖЭО салатыны туралы ақпарат сыңа ұшыраған болатын. Италиялық компаниямен Алматыдағы ЖЭО-3-ті реконструкциялау туралы келісім арқылы энергетика саласында да көпвекторлы саясатты жүзеге асырып жатқанымызды көрсетудеміз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





«АЛМАТЫНЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КӨЛІК ҚАҢҚАСЫНЫҢ» БАС ЖОСПАРЫ

ЖОЛ-КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

**БАҚ өкілдеріне
«Алматының 2030 жылға
дейінгі көлік қаңқасының»
бас жоспары таныс-
тырылды. Жиынға Алматы
қаласы Мобильділік
басқармасының басшысы
Сағындық Телібаев пен
«Көлік жүйесін дамыту»
базалық бағытын іске асыру
тобының жетекшісі Артур
Шахбазян қатысты.**

**Досбол
АТАЖАН**

Басты проблемалар белгілі

Алматы көлік қаңқасының 2030 жылға дейінгі жоспарының басты мақсаты – қоғамдық көлікті пайдаланушылар үлесін 64%-ға дейін ұлғайту. Ол қаладағы кептеліс, экология, қоршаған ортаны қорғау сынды мәселелерді шешуге көмектеспек. Осы мақсатта Алматы қаласы Мобильділік басқармасы мен «Көлік жүйесін дамыту» базалық бағытын іске асыру тобының мамандары алдағы жылдары шешілуі қажет негізгі мәселелерді анықтаған. Олар: тұрғындардың қоғамдық көліктің ыңғайлылығы мен сенімділігіне көңілі толмауы, жеңіл қоғамдық көлікпен (ЛРТ, метрополитен) адамдардың біраз бөлігі қамтылмауы, жылжымалы құрамның санын көбейту, қала көшелерін кеңейту не ұзарту және өзге де мәселелер. «Көлік жүйесін дамыту» базалық бағытын іске асыру тобының жетекшісі Артур Шахбазянның айтуынша, 2030 жылға дейінгі жоспарда айтылған мәселелерді толық шешу жолдары қарастырылған.

– Дүние жүзіндегі өзге мегаполистермен салыстырғанда Алматыда жеке көлікпен жүруге қарағанда қоғамдық көлікпен жүру баға жағынан әлдеқайда тиімді. Орта жалақымен есептегенде тек 2% жұмсалады.

Бірақ оған қарамастан қаламызда жеке көлікпен жүруді таңдайтын адамдардың үлесі көп – 50%. Жүргізілген сауалнамада тұрғындардың 42%-ы автобустардың тым толы болуын, ал 41%-ы қоғамдық көлікті ұзақ күтуді басты проблема ретінде көрсеткен.

Аталмыш мәселелерді шешу үшін көлік қаңқасының жоспарында келесі шешімдер қарастырылған: тұрғындарды аялдама кешенімен 100% қамту, қоғамдық көлік күнтізбесінің сақталуын 90–100%-ға қамтамасыз ету, жылжымалы құрамды 90–100%-ға экологиялық таза көліктермен ауыстыру және т.б. Сондай-ақ, көлік қаңқасын құру барысында БРТ жолдарына басымдық беріледі. Қаладағы дәліз жолдардың 81%-ын БРТ, 8%-ын ЛРТ, 6%-ын темір жол, 5%-ын метро құрайтын болады, – деді Артур Шахбазян.

Қоғамдық көлікке басымдық беріледі

Алматы қаласы Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев 2024 жылы көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша қандай жұмыстар істеліп жатқанын атап өтті.

– «Алматының 2030 жылға дейінгі көлік қаңқасының» бас жоспары негізінде біз биыл Райымбек даңғылында БРТ жолын салуды бастаймыз. Сонымен қатар, «Қалқаман» метро бекетінің құрылысын аяқтап және Саин даңғылын 3,2 шақырымға ұзарту жұмыстары жалғасып жатыр. Барлық жұмыстар республикалық және өңірлік бюджеттен қаржыландырылады. Оған қоса, Тимирязев көшесінен Райымбек даңғылына дейін Желтоқсан көшесінің бойымен 4 шақырым БРТ жүргізудің жобасметалық құжаттамасы жасалуда, – деді ол.

Сондай-ақ, басқарма басшысы алдағы жылдары қоғамдық көлікке басымдық берілетінін айтты.

– Райымбек даңғылындағы БРТ-ның жалпы ұзындығы – 17 шақырым. Осы жылы Пушкиннен Ахметов көшесіне дейін 8 шақырым жүргізу жоспарланған. БРТ аралас жолақпен жүргізіледі. Яғни көшенің



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бір бөлігінде БРТ шеткі сол жақ жолақта, кей бөлігінде шеткі оң жақ жолақта болады. Осы жоба аясында автоматтандырылған бағдарламалар орнату алдын ала қаралған. Қазіргі кезде Райымбек даңғылында қоғамдық көлік те, жеке автомобильдер де кептелісте тұрады. Ешкімге басымдық берілмеген. Сондықтан біз біртіндеп қоғамдық көлікке басымдық бермекпіз. Адамдар жеке көлігіне қарағанда автобуспен тезірек жететінін байқаса, қоғамдық көлікті пайдаланушылар көбейеді. Ал көліктердің азаюы экологияға пайдасын тигізеді, – деді Сағындық Телібаев.

Тарихи трамвайлар жаңарған күйде қайтып келеді

Сағындық Телібаев сұрақ-жауап сессиясы кезінде тарихи трамвайлардың Алматыға ЛРТ ретінде қайтып келетінін хабарлады.

– ЛРТ жобасын осы жылы аяқтап, қаржыландыру көзін нақты бекітеміз. Бізге 2026 жылға дейін ЛРТ-ның бірінші жолағын салу жоспары қойылды. Ол «Барлық» базарынан бастап Төле би көшесімен

«Шығыс қақпасына» дейін барады. Сонда Абай даңғылы метро жолағымен, Төле би ЛРТ жолағымен, ал Райымбек БРТ-мен қамтылады, – деді басқарма басшысы.

Ол сонымен қатар, қаланың 3 аймағында үлкен автотұрақтар болатынын айтты.

– «Бауыржан Момышұлы» метро бекеті ашылғаннан кейін адамдар көліктерін осы маңайдағы тұрғын үй кешендерінің ішіндегі шағын көшелерге қалдырып кетіп жатыр. Осы мәселені ескеріп қаланың көлік қаңқасының жоспарында 3 үлкен автотұрақ қарастырылған. «Барлық» базарының маңында 2 мың көлікке арналған автотұрақ және ЛРТ, БРТ, метроның тұрағы болады. Қаланың шығыс жағында 5 мың көлікке орын қарастырып отырмыз. Оған қоса, бұл жерде автотұрақтан бөлек, автобус паркі салынады. Ал солтүстік жақта Қонаев қаласынан келе жатқан кезде ҰААЖ торабында тағы бір транспорттық хаб болады. Біздің ойымызша, келешекте Қонаев қаласынан келе жатқан азаматтар осы жерге көлігін қойып, ары қарай метроға не ЛРТ-ға отыратын болады, – деді Сағындық Телібаев.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматыдағы тұрғын үй аулалары мен қоғамдық кеңістіктер заман талабына сай жабдықталған. Мәселен, өткен жылы абаттандырылған балалар мен спорт алаңының ең көбі Алмалы ауданында – 91, Медеу ауданында – 80, Жетісу ауданында – 56.

ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІ ҮШІН

Өткен жылы 397 балалар мен спорт алаңы абаттандырылды

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алатау ауданында 2023 жылы 45 жаңа спорт алаңы салынды, көпірге жөндеу жүргізілді, 1135 жарық нүктесі жаңғыртылды. Былтыр мұнда «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша 54 жоба іске асырылды.

Атап айтқанда, аудан тұрғындарының өтінішімен «Зерделі» шағынауданында «Сирень бағы», Аханов көшесіндегі сквер, Саин көшесіндегі бақылау алаңы абаттандырылып, «Қарасу» шағынауданындағы сквердің құрылысы басталды. Аллеялар, алаңдар мен жаяу жүргіншілер көшелерін абаттандырумен бірге, кейбір аумақтағы шамдар ауыстырылып, Үлкен Алматы арнасындағы көпір жөндеді.

Айта кетейік, «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша 2023 жылғы дауыстардың жалпы саны 2022 жылға қарағанда 22%-ға көп. Бұл аудан бюджетін өздері үшін қалай тиімді пайдалану керектігін тұрғындардың таңдауына қарай жүргізілген жұмыстың сұраныста екенін көрсетеді.

«Халық қатысатын бюджет» – бұл тұрғындар әкімдіктермен бірлесіп жергілікті бюджет қаражатын бөлісетін жоба. Тұрғындар өздері абаттандыру идеясын ұсынады, оларды жоба деңгейіне дейін пысықтайды, содан кейін онлайн дауыс беру арқылы жеңімпаздарды таңдайды.

БӨРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ АУРУХАНА АШЫЛДЫ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматыда медициналық-санитарлық алғашқы көмекті (МСАК) дамыту аясында денсаулық сақтау саласы объектілерін салу бойынша жобалар іске асырылуда. Бүгін Жетісу ауданының «Кемел» шағынауданында (Есімхан көшесі, 127) Алматы қалалық №21 емхана филиалы МСАК-тің кезекті орталығы ашылды. Нысан құрылысы 2021 жылдың қыркүйегінде басталған болатын.

МСАК орталығы ауысымына 200 келушіге есептелген. Қазіргі заманғы емдеу мекемесі 9 мың ересек жанға және 3 мыңнан астам балаға білікті медициналық көмек көрсететін болады. Аталған орталықтың ашылуы «Кемел» шағынауданы мен жақын маңдағы аудандардың тұрғындарын сапалы медициналық қызмет көрсетумен қамтуға және қолданыстағы үш емхананың: №21 БП, №11 БП және «Құлагер» МСАК орталығының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді, онда бекітілген халық саны 156 мың адамды құрайды. Бес қабатты ғимаратта тіркеу бөлімі, күндізгі стационар, терапия, гинекология, балалар, стоматология, оналту және физиотерапия бөлімдері және т.б. орналасқан. Орталықта қабылдауды жоғары білікті мамандар жүргізеді: жалпы практика дәрігерлері, терапевт, акушер-гинеколог, невропатолог, эндокринолог, кардиолог, ЛОР, окулист, алерголог, хирург-травматолог, реабилитолог.

Сапалы медициналық көмек көрсету үшін орталық заманауи құрылғылармен жабдықталған, олардың ішінде: сараптамалық класс аппараттары – УДЗ, ЭКГ, дефибрилятор, 3 датчигі бар ультрадыбыстық түсті сканер, стерильді құралдарды сақтауға арналған ультракүлгін камералар, стоматологиялық кешен және басқалар. Айта кетерлігі, халыққа медициналық қызмет көрсетуді дамыту Алматы қаласы әкімдігінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қала бойынша бүгінде Әуезов және Жетісу аудандарында 2 МСАК орталығы және Жетісу ауданында 1 жаңа емхана ашылды. Алматы қаласының бірыңғай стандарты бойынша 11 МСАК орталығы мен емханалардың құрылысына ЖСҚ әзірленуде (мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алудың және ЖСҚ әзірлеудің аяқталу мерзімі – 2024 жылғы I тоқсан).

Бірыңғай стандарт озық халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді білдіреді. МСАК бірыңғай стандарты жобалық-технологиялық шешімдерге, медициналық қызметтер көрсету регламенттеріне, менеджментке және цифрландыруға 3 негізгі критерий бойынша: қолжетімділік, сапа және технологиялық тәсілдерді стандарттауды көздейді. Қолжетімділік критерийі аудандарды аймақтарға бөлу, пациенттер ағынын бөлу, заманауи навигация және инклюзивті орта құру бойынша бірыңғай жобалық-технологиялық шешімдер кешенін қамтиды.

Осы талаптарға сәйкес бекітілген халық санына байланысты жабдықпен жаратандырудың және мамандармен қамтамасыз етудің бірыңғай стандарттары әзірленді. Мысалы, ауысымда 500 келушіге арналған МСАК үшін кем дегенде жоғары технологиялық диагностикалық жабдықтың (МРТ, КТ, флюорография, цифрлық маммография, ультрадыбыстық аппараттар, эндоскопия, офтальмология және жүктеме сынақтарының заманауи жүйесі) заманауи жиынтығы болуы тиіс. Мамандардың бірыңғай стандарты кем дегенде міндетті 8 дәрігердің (хирург, невропатолог, травматолог, кардиолог, офтальмолог, онколог, эндокринолог, оториноларинголог) және ең көп сұранысқа ие мамандықтар бойынша қосымша 5 жеке маманды (уролог, ревматолог, алерголог, пульмонолог, гастроэнтеролог) қамтиды.

Сонымен қатар, әрбір емханада халықпен кері байланыстың бірыңғай стандарты жасалады. Медициналық шешімдерді талдау және диагностика, деректерді орталықтандырылған өңдеу үшін жасанды интеллект қолданылады. Сондай-ақ, телемедицинаны қоса алғанда, қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету жөніндегі сервис дамитын болады.

Ернұр РЫСБАЙ.



ҮНҚОСУ

СЫНДАРЛЫ
ОЙДЫҢ НЕГІЗІ

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты қоғам өмірінде үлкен сілкініс туғызды. Мемлекет басшысының тұжырымдарын еліміз дамуының алдағы жылдарға арналған стратегиялық бағдарламасы деп қабылдасақ та болады.

Сұхбат тәуелсіз еліміздің мүддесі қорғалған, болашағы батыл айқындалған бағдарларды, қоғамдық санада қалыптасқан бүгінгі өзекті мәселелерді қамтуымен құнды болып отыр. Президент тұжырымдары халық көңілінен шыққан сындарлы ойлар мен тың идеяларға толы.

Қазақстан халықаралық қауымдастықтың іргелі, белсенді қатысушысы ретінде шартараптағы үдерістен қала алмайтыны анық. Сондықтан алдымызда мемлекетіміздің сындарлы, бейбіт және өркениет жолымен өрлеуін қамтамасыз етудің абыройлы парызы тұрғаны белгілі. Президент сұхбаты қазіргідей қиын кезеңде, жан-жақтан елімізге арандатушылық ақпараттық шабуыл үдеп тұрған тұста әрбір қазақтандықтың санасына серпінді сілкініс алып келді.

Қазаққа өткеннен сабақ алатын өкінішті оқиғаларды қайталамауға үйрететіндей, алдағы уақыттарда тек жеңіске жетелейтіндей тылсым күш керек. Ол күшті Президент сұхбатынан алуға болады. Елде қасіретті қаңтар оқиғасы туралы күдікпен қатар күмән бар да біздің көңіліміз тыныш болмасы анық. Президент ол туралы сыннан өткізілген ақпараттарға әбден көзін жеткізіп, алғашқы рет ашық айтуы көп жағдайдан хабар береді. Сол арқылы өткен билік гвардиясына да, өзін оппозициялық топ санайтындарға да тағы бір ойлануға мүмкіндік беріп отыр. Рас, ұлт ретінде, халық ретінде, жақсы, жаман болсын, біздің бұдан басқа отанымыз жоқ екенін де айтып отыруы көпті ойлантуы тиіс.

Шындық, ақиқат қоғамды сауықтырады, оны сергітіп, оны мен солын дұрыс тануға жол бастайды. Бұл жерде сана жаңғыруы тиіс. Субъективті фактор ретінде шынайы айтылған сөз халықтың бірлігін нығайтатыны билік пен халықтың өзара гармониясына позитивті ықпалын тигізетіні анық. Мұндайда өтіріктің өрісі тар. Ал «туған халқымыз ғой, сондықтан мақтай берейік» деген көзқарас өрге басатын елдің қабылдайтын ұстанымы болмауы тиіс. Президент өз сұхбатында осы мәдениетті әдемі жеткізе білген.

Негативті зарлап айта беру қолдарынан түк келмейтін, өзін азамат, ұлт адамы ретінде сезінбейтіндерге, яғни құлдарға ғана тән. Негатив – рухты тұншықтырушы фактор. Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай: «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар, адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» деп айтқандай, Президент мемлекетті қорғайтын, оның ар-намысын көздің қарашығындай сақтайтын ұлттық кадрларды қалыптастыруды аманаттап отыр. Жас кадрлардың нағыз өмір мектебі, біліктілікке төселуі қызмет барысында, ұжымдағы, айналасындағы әріптестерімен ой-қақтығысы кезінде шындалатыны айқын.

Мемлекет басшысы еліміздің әділ және бәсекелі экономика жүйесін құру, экономиканы әртараптандыру және монополиядан арылу, инфрақұрылымды жаңғырту, инвестиция тарту жұмыстарымен айналысу қажеттігін ескеруі ел дамуының ілгері басуына бастайтын шара. Қабылданып жатқан шаралар бойынша ардагерлер қауымы арасында консенсус бар. Біз Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Президенттің сұхбатта айтылған бастамаларына барынша қолдау білдіреміз.

Жалпы, Президенттің сұхбатында осы және басқа да маңызды мәселелер жан-жақты талқыланды. Онда қоғамды алаңдатқан көптеген сауалдарға нақты жауап берілген. Сұхбат дамудың қазіргі кезеңінде мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттерді белгілеп беруімен де құнды.

Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

ЗЕРДЕ

БАТЫРЛАРДЫҢ ТҮЙҒЫНЫ,
ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖҮЙРІГІ

Халқымыздың батыр ұлдарының бірі Мәлік Ғабдуллин Ұлы Отан соғысына қатысып, елін жаудан қорғаған қаһарман ғана емес, қазақтың білімі мен ғылымының дамуына зор үлесін қосқан танымал ғалым. Соғыстан елге оралған соң тұралап қалған шаруашылыққа көмек қолын соза жүріп, ілім-білімнің де басы-қасында жүрді. Бостандық ауданындағы №69 жалпы білім беретін мектеп осы батыр ағамыздың атындағы көшенің бойында орналасқан.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш мектепте қала әкімшілігінің тікелей ұйымдастыруымен қазақ руханиятында терең із қалдырған, батырлық ісімен, ғылыми ізденістерімен, педагогикалық және жазушылық қабілеттерімен, жанының мінсіз тазалығымен ерекшеленетін Кеңес Одағының Батыры, ғалым, академик, жазушы, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллинге арналған «Батырлардың түйғыны, ғалымдардың жүйрігі – М.Ғабдуллин» атты танымдық кеш болып өтті.

Кешке Мәлік Ғабдуллиннің қызы Майдан Үсенова, күйеу баласы Алмасбек Үсенов, Алматы қаласы әкімі аппараты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұха Шаймерденов қатысса, Ақмола облысы Мәдениет басқармасының Мәлік Ғабдуллин музейі Ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері Мейрамгүл Шаяхметқызы кешке онлайн форматта қатысып отырды.

Кештің алғашқы сөзін мектеп басшысы Сәуле Төреқұлова алып, жас ұрпақты отансүйгіштік бағытта тәрбиелеу жолын-

да атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Сосын осынау білім ұясына Мәлік Ғабдуллиннің есімі берілсе деген ұжымның тілегін жеткізді. Шындығында, еліміз бойынша батыр есімімен аталатын үлкенді-кішілі 9 мектеп болса, өзі ұзақ жыл еңбек етіп, өмірінің соңына дейін тұрған Алматы қаласында әлі күнге дейін бірде-бір мектепке есімі берілмеген екен.

Кеш бойы Мәлік Ғабдуллиннің дүшпанға сес, досына ес бола білген жан екені айтылды. Оның адами ізгі қасиет-

тері туралы көп айтылып, көп жазылып жүр. Дегенмен, көзін көрген әріптестерінің айтқаны аңызға пара-пар. Шығыстың шолпаны атанған Мәншүк Мәметоваға қамқоршы болып, оның Батыр атағын алуына көп еңбегі сіңген деседі.

Жиында Мәлік Ғабдуллиннің көзін көрген жазушы Кәкен Қамзин, қалалық Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұха Шаймерденов, продюсер Серік Ақышов сөз алып, естеліктерімен бөлісті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Майдан МӘЛІКҚЫЗЫ, Мәлік Ғабдуллиннің қызы:

Әкем мейірімді жан еді

Бүгінде 80-нің сеңгіріне шықсам да, әкемнің нұрлы жүзі әлі күнге дейін есімде. Менің суретші болғым келетін, алысқа Мәскеуге барып оқимын дегенімді естігенде, «Жоқ, сен адам жанын емдейтін дәрігер болғаның дұрыс. Келешекте мені, басқа да көмекке зәру жандарды емдейтін боласың», – дейтін еді. Әкем 12 жыл сол кездегі КазПИ-ді басқарды. Қазіргі тілмен айтқанда, ректор болды. Жатақхананы жәй аралап, студенттердің жағдайына алаңдап отыратын. Бізді қарапайымдылыққа баулыды. Өзі де сол қарапайым қалпында өмірден өтті.

ОЙ. ПІКІР.ҰСЫНЫС

БІЛІМ МЕН БІЛІКТІЛІК –
бәсекеге қабілеттілік бастауы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты бірталай мәселені қозғады. Президенттің «Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатты жалғастырамыз» деген сөзінде ерекше мән бар. Биыл елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтетінін білеміз. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді. Әлемдік ауқымдағы осы шараларға басшылық ету, бас-көз болу еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін биіктетіп, абыройын асқақтататынына бек сенімдімін.

Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде басшылықта болған соң жастарымыздың білім көкжиегін кеңейту, ғылымға бетбұрыс жасау – біздің басты міндетіміз. Жер-жаһанның біраз елінде іс-сапарда болғанымыз бар. Сонда байқағанымыз, біраз жұрт батыр бабаларымыздың кезінде азыуын айға білеген күш-жігері мен қажыр-қайратын көшпенділер өмірінен білетіні. Әлем халықтарының Сак, Ғұн, Түркі дүниесіне деген қызығушылығы барынан хабардармын. Бұл ретте елімізде Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізудің елеулі рөл атқаратыны сөзсіз. Бұл байрақты бәсеке жоғары дәрежеде өтсе, Отанымыздағы ұлттық спорт пен салауатты өмір салтын өркендетуге сүбелі үлес қосары анық. Шежіресі мол ұлағатты шараның Ұлы Даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызы зор.

Халықаралық қатынастар саласына білікті мамандар даярлауға үлес қосып жүргендіктен, былтыр елімізде сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыс атқарылғанынан да мол хабардармыз. Қазақстан түрлі саммит пен форумда өз ұстанымын барынша салмақты жеткізіп, әлемдік деңгейдегі көшбасшылармен көптеген кездесу өткені белгілі. Әсіресе, өңірлік «C5+» үлгісіндегі басқосулардың маңызы басым. Ашығын айтқанда, осының бәрине

Мемлекет басшысының әлемдік дипломатиядағы абырой-беделі белгілі бір дәрежеде ықпал еткені де анық. Әлем елдерінің Орталық Азияға айрықша назар аударуы да «C5+» үлгісі маңызды диалог алаңын қуаттандырғандай.

Қазақстан тиімді әрі сарабал сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғаумен қатар, стратегиялық міндеттерін де жүйелі жүзеге асырып келеді. Өзгермейтін өте өзекті мақсат-мұратымыз – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау. Бұл ретте азаматтарымыздың құқығы мен мүддесін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасаудың маңызы айрықша. Мемлекет басшысының он жылдан астам еліміздің сыртқы істер ведомствосын басқаруы да осы сыртқы саясат саласындағы елеулі басымдықтарды айқындауға тікелей үлес қосқаны анық.

Оқу ордамыздың аты айтып тұрғандай, оқыту жүйесінде халықаралық қатынастар пен әлем тілдеріне баса мән береміз. Бүгінгідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда еліміздің шетелдік серіктестерімен, әсіресе көршілермен өзара тиімді ынтымақтастықтың артуын қызу қуаттаймыз. Университетімізде еліміздің ғылым-білім мен мәдени-гуманитарлық салада шетелдермен қарым-қатынасты нығайтуына әрдайым айрықша мән беруі жақсыны үйретіп, жаманнан жиренткен жарқын болашағымыздың кепілдік көрінеді.

Еліміздің сыртқы саясатында құдайы көрші Қытаймен қарым-қатынас үлкен маңызға ие. Кейінгі кезде Қазақстан қоғамының шығыстағы көршіге деген көзқарасы жақсара бастағандай. Қазақ пен Қытай арасында визасыз жүру тәртібі күшіне енді. Мұның да мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емін-еркін барып, келе алады. Азаматтарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деген үміттеміз.

Шынында да, әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеруде. Жаңа технология, әртүрлі мамандық пен тың салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастыру мен басқарудың әдіс-тәсілдері де өзгеруде. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыны меңгеру мен озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Әлбетте, ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Осы орайда, біздің оқу ордамыз да бұл үдеден табылуға тырысып, көкжиегімізді кеңейтіп, білімімізді бағамдап, біліктілігімізді артыруда табандылық танытудамыз. Мақсат – білім, ғылым жолындағы жастарымызға барынша жағдай жасап, қолдау, егемен еліміздің еркіндігін сезіндіру.

Сәлима ҚҰНАНБАЕВА,
Абылай хан атындағы Халықаралық
қатынастар және әлем тілдері универ-
ситетінің ректоры.



ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА

ЕСТЕН
КЕТПЕС ЕСІМ

Алматыда мемлекет және қоғам қайраткері Кеңес Мұстаханұлы Аухадиевтің құрметіне мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мемориалды тақта қайраткердің өзі тұрған үйде орнатылды

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Қазір Кеңес Мұстаханұлының есімін біреу білсе, біреу білмес. Ол қазағын ерекше құрметтейтін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың заманында халқына шын көңілмен қызмет еткен ерен тұлға еді. Десек те, Кеңес Аухадиевті, әсіресе, Алматы жұртшылығы жақсы біледі.

Кеңес Мұстаханұлы тура осыдан екі жыл бұрын дүниеден өтіпті. Дәл сол еліміз үшін аласапыран жыл. Қаңтардың 23 жұлдызы еді. Мемориалды тақтаның дәл осы күннің қарсаңында ашылуының астарында осы жатқан сияқты. Елі үшін қызмет еткен ердің есімі ұмытылмақ емес.

Мемориалды тақта қайраткердің өзі тұрған Алматыдағы Төлебаев және Жамбыл көшелерінің қиылысындағы үйде ашылды. Тақтаның ашылуына Алматы қаласы әкімдігі мен жергілікті мәслихат мұрындық болды. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Халықаралық Д.А.Қонаев қорының директоры Эльдар Асқарұлы Қонаев, Кеңес Мұстаханұлының туғантуыстары, сол кісінің көзін көрген азаматтар мен азаматшалар қатысты.

Іс-шараны өз сөзімен Мейіржан Отыншиев ашып берді. Бұдан соң жиналған қауым мемориалды ашу рәсіміне куә болды. Кейін сөз сөйлегендердің ішінде Эльдар Қонаев, Ғани Майлыбаев және қайраткердің көзін көрген жандар болды. Бәрі де ол кісінің кәсіби қабілетімен қатар адами парасаттылығын айтып, еске алды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

«Тереңқұр» демалыс аймағы:

50 МЕТРЛІК СЫРҒАНАҚ

Қыстың да өзіндік қызықтары көп. Әсіресе, балалар сырғанақ тепкенді қатты ұнатады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде «Тереңқұр» демалыс аймағы балалардың сүйікті мекеніне айналды. Өйткені, онда қысқы тюбингтерге арналған 50 метрлік сырғанақ салынған. Сырғанақ аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар үшін тегін.

«Снежная горка» әлеуметтік жобасы жеке қаржы есебінен орнатылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қауіпсіздік үшін

күз айларында аумақтағы тоған суы толығымен құрғатылған. Бірақ қыс мезгілі аяқталған соң бұл құрылым бұзылады.

Сырғанақтың басты ерекшелігі, оның тоғанға орналасуы және мейлінше қауіпсіздігінде. 20 градус бұрыштық құрылым 5 бөлікке бөлінген, әрқайсысы арнайы тормен қоршалған. Ал мәреде тежегіш тор және арнайы жұмсақ қаптар бар. Жобаның идеялық шабыттандырушысы Бауыржан Ермағанбетов сырғанақ жасауды күн жылы кезде ойластырған екен.

— Мұнда жазда отбасыммен жиі серуен-



деймін. Қыста тоғанда су жоқ, төтеніңе жағдайлар орын алмас үшін құрастырылған. Алайда, тоған бос тұрады, еш пайдасы жоқ. Қысқы ойындар үшін қауіпсіз жер қажет. Оның үстіне Медеу ауданында сырғанақ жоқ болатын. Соны ескердім, — дейді ол. Оның айтуынша, 5 жасқа асқан балалар ата-анасыз келсе де денсаулығына қауіп төндірмей, қауіпсіз жерде сырғанауы керек.

— Сырғанақтың құрылымын жобалап, зауытқа тапсырыс бердік. Сәл кешігіп аштық. Нысан қаңқасы темір, бірақ өте сенімді. Жүк көтергіштігі бір шаршы метріне 250 кг. Құрылым шамамен екі апта жиналды.

— Жоба әкімдікпен, Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп жүзеге асты. Біз аз қамтылған отбасылардың балаларына әлеуметтік қызметтерді тегін ұсынамыз. Көпбалалы отбасыларды, мүгедектер мен зейнеткерлерді күтеміз, — дейді идея авторы Б.Ермағанбетов.

Төрт баланың әкесі Бауыржан әрқашан балаларының бос уақытын тиімді өткізуді ойлайды.

— Үлкен балам жасөспірім. Қазір балалар гаджеттерге тәуелді, компьютерге көп уақытын жұмсайды. Олар физикалық тұрғыда дамымайды, ал ол баланың ағзасына өте қажет. Олар қозғалуы керек, ауамен тыныс алуы керек. Қандай да болса спортпен айналысу қажет. Сырғанау бұл адамға шабыт

сыйлайтын керемет нәрсе ғой. Балалардың көңілі көтеріледі, жағымды эмоциямен қозғалады, адреналин алады. Әсіресе, қыста таудың ауасы адамды шынықтырады, — деді ол.

Тоғанның түбі балшықтан тазартылып, балласт төселген. Бұл зауыттың шарты болатын. Құрылымдар қауіпсіз болуы үшін балшықтардан тазартуға шағын эскалатор пайдаланылған.

Сырғанақ тебуге құмар алматылықтар мұндай тамаша жердің барын бірі досынан естисе, екіншілеріне көрші-қолан айтқан. Бүгінде мұнда қала орталығынан келіп, көңіл көтеріп, демалыс күндерін өткізіп жүргендер көп.

Сырғанақ тепкен соң демалушылар үрлемелі баллонды құрылым басына өздері алып шықпайды. Ол үшін арнайы фуникулер бар. Бұл ретте келушілер қауіпсіздік техникасын үйрететін нұсқаушылардың бақылауында болады.

Бұған қоса, кешен аумағында қоғамдық тамақтану нысандары орнатылып, террасада демалыс аймағы ұйымдастырылады. Баллонды бір сағатқа жалға алу құны 3 мың теңге. Бір реттік сырғанау — 500 теңге. Тиісті құжатын көрсеткен әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарға қызмет тегін.

Сырғанақ тебушілер арасында балаларын әкелген ерлі-зайыптылар да болды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



● V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ ҚАРСАҢЫНДА



ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ

Алматыда республикалық «Құлагер» әдеби байқауы жарияланды

Қазақстан Жазушылар одағы мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт қауымдастығы» ЗТБ бірлесіп ұйымдастырған әдеби байқаудың ресми ашылуы Алматы қаласында ҚР Жазушылар одағының ғимаратында өтті. Жиынға Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, сондай-ақ Жазушылар одағының мүшелері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.



Досбол
АТАЖАН

«Жаңа 2024 жыл жалпы қазақ үшін, соның ішінде өркениет үшін өте ерекше болайын деп тұр. Өйткені, елімізде 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Оған 100-ден астам елдің спортшылары қатысады. Жарыс ұлттық спорттан болады: ат шабыс, күрес, садақ ату, қыз куу сынды. Бұл енді Қазақстанда алғаш рет болайын деп жатыр. Яғни біздің рухымыз, біздің ұлттық құндылықтарымыз қайтадан өзімізге келіп жатыр деген сөз. Күннен-күнге қазақтың өзінің еліне деген, жеріне деген ықыласы, махаббаты оянып келеді. Әсіресе, жастардың арасында өзінің мәдениетін білгісі келетіндер, өзінің тілінде сөйлегісі келетіндер көбейіп келе жатыр», – деді Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов.

Жазушылар одағының басқарма төрағасы алдағы 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қарсаңында ұйымдастырылған республикалық «Құлагер» әдеби байқауының мақсат-талаптарын да атап өтті.

«Осы спорт жарысының аясында үлкен байқау-бәйге жарияланды. Ол 7 номинация бойынша өтеді. Бәйгенің аты – «Құлагер». Байқауға ақын-жазушыларымыз қатысады. Оның шарты бойынша үміткерлердің жұмыстары Ұлттық спорт қауымдастығы құрамына ресми түрде кіретін «Тенге ілу», «Бәйге», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Тоғызқұмалақ», «Күсбегілік», «Садақ ату», «Асық ату», «Жорық» секілді ұлттық спорт түрлерін басты тақырып етуі керек. Онда біздің ұлттық ойындарымыздың ерекшелігі, ұлттық ойындарымыздың қазақ халқын өзге ұлттарға қалай таныстыратыны жөнінде жақсы шығармалар жазылады деп ойлаймын. Қатысам деуші қаламгер-

лерге және олардың жасына шектеу жоқ. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны алдында байқаудың нәтижесі жарияланады», – деді Мереке Құлкенов.

Байқау келесі номинациялар бойынша өтеді: үздік поэзия, үздік проза, балаларға арналған үздік шығарма, үздік комикс, үздік драма, үздік деректі проза, үздік фантастикалық/мифологиялық шығарма.

Әдеби бәйге жарияланған жиынға қатысқан Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов байқау жас қаламгерлерге қолдау білдіріп, ерекше шығармалардың пайда болуына септігін тигізетінін атап өтті.

«Елімізде 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қарсаңында республикалық «Құлагер» әдеби байқауын жарияладық. Біздің мақсат – ұлттық спортты елімізде насихаттау, дамыту, жас қаламгерлерді қолдау. Байқау жеті номинациядан тұрады. Әр номинация жеңімпазына 2 млн теңге беріледі. Өздеріңіз білесіздер, Президенттің тапсырмасымен ұлттық спорт қарқынды дамып келе жатыр. Күні кеше Астана қаласында «Алтын тұғыр» деген байқауды өткіздік. Жыл бойы үздік спортшыларды марапаттадық. Енді міне, осы жылдың басында қазақ әдебиетінің қара шаңырағында зиялы қауыммен кездесіп, байқау жарияладық. Алдағы уақытта нәтижесін көріп, жаңа шығармалар пайда болады деген ойдамын. Сонымен қатар, жас қаламгерлердің қаламы ұшталып, спорт-

тық шығармалар халық ықыласына бөленбек», – дейді Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов.

Әдеби байқаудың ашылуына халықаралық деңгейдегі шабандоз Бауыржан Мырзабаев та қатысты. Ол елімізде ат спорты дамып келе жатқанын айтты.

«Ұлттық спорт пен әдебиет қосылып жақсы нәтиже шығарады деп ойлаймын. Ал қазіргі Қазақстанның ат спортын әлемдік дәрежеде салыстырып бағалайтын болсақ, біз олардан алыстамыз. Бірақ соңғы жылдары қазақ жігіттері алдыңғы саптан көрініп келеді, алға ұмтылыс бар. Өзім ат спортына бала кезден бейім болып келдім. Әкем бәйгеге ат қосатын. 9-сыныпқа дейін ауылда болып, кейін Чехияда «Жокей мектебінде» оқыдым», – деді Халықаралық шабандоз Бауыржан Мырзабаев.

Айта кеткен жөн, байқауға қатысатын шығармалар бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған болуы керек. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен анықталып, тамыз айында марапатталады, ал байқауға өтінім қабылдау осы жылдың 22 қаңтары мен 22 маусымы аралығында өтеді. Байқауға қатысуға өтінім беру үшін <http://qulager.ultsport.kz/> сайтында сауалнаманы толтырып, шығарманы жүктеу қажет. Толық ақпаратты qulagerultsport@gmail.com электрондық поштасы арқылы ұйымдастыру комитетінен білуге болады.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жомарт ЖЕҢІС:

АУҒАН ҚАЗАҚТАРЫ

өздерінің түп-тамырын, қайдан, қалай келгенін жақсы біледі

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Жомарт Жеңіс және Елдос Сауырхан сияқты ғалымдары Ауғанстанға ғылыми сапармен барып қайтты. Әрі таныс, әрі бейтаныс ауған жұртына жасалған алғашқы ғылыми ізденістің мәні де, жөні де бөлек. Жақында ғана осы ғалымдармен әңгімелесудің сәті түскен еді. Оқырмандарымызға аталған институт директорының қоғаммен байланыс жөніндегі орынбасары, Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің бөлім меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты Жомарт ЖЕҢІСҰЛЫМЕН болған әңгімемізді ұсынамыз.

Ауғанстанды кешенді зерттеуіміз керек

– Жомарт Жеңісұлы, әңгімемізді Ауғанстанға жасаған сапарларыңыздың мақсаты мен мәні жайындағы сөзден бастасак...

– Ауғанстанға жасаған ғылыми сапарымыздың негізгі мақсаты – сол елде Қазақстан тарихына қатысты тың деректер, рухани, материалдық ескерткіштер болса, соларды іздеп табу болатын. Екіншіден, сонда тұрып жатқан халыққа этнографиялық зерттеу жүргізсек деген де мақсатымыз болды. Ең маңыздысы, «Қазіргі ауған жұртында қазақтар қалды ма? Қалса, қай өңірде жасайды және саны қанша?» деген сауалдарға жауап табу болатын. 16 желтоқсанда басталған ғылыми-зерттеуімізді Балх провинциясының орталығы Мазари-Шариф қаласында жүргіздік. Сол қалада Қазақстан консулдығы бар. Біздің де негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарымыз осы өңірде болды.

Ойға алған басты мақсаттарымыз орындалды. Себебі, мол мәліметтер таптық, әрі бұдан кейінгі үлкен зерттеулерге жол ашып, бастамашы болдық. Негізі, алдағы уақытта Қазақстаннан үлкен бір ғылыми экспедиция шығып, осы Ауғанстанда ұзақ мерзімді және кешенді зерттеу жүргізу керек. Тарих, этнография бойынша және сол жердегі халықтың тілі, ондағы қазақтардың тілі бойынша да. Әрине, дінтану саласы бойынша да зерттеу жасау керек. Біздің дәстүрлі дініміздің ол жұртта қаншалық сақталғанын, тарихи Отанмен қаншалықты байланысы барын зерттеу үшін үлкен бір экспедициялық зерттеуді жүзеге асыруға болады.

– Осы сапарларыңыздан тарихымызға қатысты тың дерек, ғылыми айналымға салатын сүбелі олжа таба алдыңыздар ма?

– Әрине, бір апталық сапарда өте үлкен нәтижеге қол жеткізу қиын. Десе де, әр күнімізді, тіпті әрбір сағатымызды тиімді пайдалануға тырыстық. Ауғанстан біз үшін таныс та бейтаныс өлке, ең бірінші қауіпсіздікке барынша көңіл бөлдік. Бұл енді ауған жұртына бағытталған ғылыми-зерттеудің жолаушы сапары болды, институт тарабы да сапарымызға үміт артып, сенім білдірді. Оның өзі үлкен қолдау болды. Алғашқы ғылыми сапарда ойға алған мақсаттарымызды орындай алдық деп ойлаймын. Алғашқы адымда мәліметтер жинастырып, келісімдерге қол жеткізе алдық. Ғылыми-зерттеуімізді ең алдымен Мазари-Шарифтегі кітапханалардан бастадық, онда біздің Кеңес Одағы кезіндегі тарихымызға қатысты бір кітапты алып қайттық. Одан бөлек, қазаққа және тарихымызға қатысты бірқатар жер-су атауларын таптық. Мысалы, «Дулат тауы», «Алшын өзені», «Әзірет сұлтан төбесі», «Яссауи махалласы» сынды жер атаулары табылды. Бұның тарихи символдық мәні айрықша. Бастысы, ондағы ғалымдармен, кітапханалармен тығыз байланыс орнаттық, ары қарайғы жұмыс жоспарларын бекіттік, сапарымыздың үлкен олжасы сол деуге болады.

– Жарты ғасырлық соғыс өртінен шыққан ауған жұртының терең әлеуметтік қиыншылықта тұрғанын білеміз. Көзімен көргеннің жөні бір бөлек, сіз көрген ауған жұртының қал-ахуалы қалай екен?

– Иә, дұрыс айтасыз, ұзаққа созылған соғыс ауған халқының әлеуметтік ахуалына, саяси-экономикалық жағдайына өз әсерін тигізбей қалмапты. Халықтың әлеуметтік жағдайы, күнкөрісі өте төмен. Онда әрбір адам өз бетінше күнелтуде, қолынан келгенінше тырбынып өмір сүріп жатыр. Мемлекет тарапынан ешқандай көмек жоқ, жәрдемақы, әлеуметтік көмек деген атымен жоқ. Әр азаматы қолынан не келеді, қандай мүмкіншілігі бар, соны істеп әйтеуір күнін көруде. Біз көргенде бірі көлік жөндеп, бірі нанын пісіріп, енді бірі отын теріп әкеліп сатып нәпақасын айырып отыр дегендей. Қыс айы болғаннан кейін күн суық, газ деген болмайды ол елде, халық болса отын жағып жылынып отыр. Көмір де қымбат, әркімнің қолы жете бермейді. Енді ел болған соң ауқаттысы да бар, әсіресе қалалы жерде түрлі тіршілік көзі көп



дегендей. Жалпы, диканшылықты негіз ететін халық қой, «қышпақ» деп қояды ауылды, шағын елдімекендерінде, ондағы жұрт шаруа қожалықтары секілді, бірінде жер болса, бірінде трактор бар дегендей, белбесіп тіршілік етіп отыр. Ауғанстанда бензин бағасы 1 доллардан асады, білесіз, ол басқа тауар бағасына, жалпы елдің экономикасына әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда, халықтың тұрмысы өте нашар күйде.

– Не дегенмен, тәліптер билікке келгеннен кейін елдегі зорлық-зомбылық оқиғалары, қарулы қақтығыстар пышақ кескендей тыйылып қалды. Қоғамдық тәртіпті тәліптер қалай қадағалап отырған секілді? Тәліп билігі мен халықтың қарым-қатынасы қалай көрінді сізге?

– Ол рас, тәліптер билікке келгеннен кейін елге өте қатал тәртіп орнатыпты. Бізге жол серіктеріміз де айтты, «Бір жыл бұрын келгендеріңізде бұлай жүре алмайтын едіңіздер» деп. Бұрын діни, саяси көзқарастары бойынша әр жерге топ-топ болып орныққан тұрғындар өзара қақтығысып жатқан. Қазір олай емес, бәрі де тәліптердің билігіне бағынып отыр. Ұрлық-қарлық, тәртіпбұзушылық бәрі де шариғат заңдары бойынша қатал жазаланады. Жеңіл-желпілері дүремен, айыппұлмен жазалана, ауыр қылмыстарына тіпті өлім жазасы да бар. Соның нәтижесінен Ауғанстанда қазір тәртіп бар. Коррупция, зорлық-зомбылық, маскүнемдік, нашакорлық дегенді байқамадық.

Енді билік тарапы да өзіңше түрлі іс-әрекет жасап жатқандай. Ақырындап болса да инфрақұрылымдарды жаңартып, жаңа ғимараттар соғып дегендей, қолдарынан келгенше жұмыс істеп жатыр екен. Негізі Ауғанстанда мүмкіншілік өте көп қой, қазба байлықтардың мол қоры бар, соғыс кезінде игерілмей қалды. Енді бұл елдің үкіметі қажетті инвестиция іздеуде, соны күтіп отыр десе болады. Өздерінің айтуынша, инвесторларға барлық қолдауын көрсетеміз дейді, қорғауға, сақтауға кепілдік береміз дейді. Бірақ әлі де шетелдік инвесторлар Ауғанстандағы тұрақтылыққа күмәнмен қарайды. Болашағы қалай болады екен деген алаңдаушылық әлі күшті. Инвестициясыз экономика алға жылжып алмайды. Елдің қай саласы болсын, инвестицияға сұранып тұр. Сөйтсе де, инвесторлар әлгіндей көңіл күйде.

Елшілік жанынан арнайы комиссия құрған жөн

– Естуімізше, ауған жеріндегі қазақтармен де кездесіп қайтыспыздар. Қазақ десе елде ете қаламыз ғой, ондағы қандастар туралы айтып өтіңізші. Жалпы, Ауғанстанда қазақ қауымы қалай қалыптасты?

– Иә, ауған жеріндегі қазақтармен де кездестік. Ауғанстандағы қазақтардың бәрі көшіп кетті деген бос сөз. Әлі де бірталай қандастар өмір сүріп жатыр. Бірақ шашыраңқы, елдің әр қаласында қазақтар кездеседі. Негізі ондағы қазақтардың басым көбі кіші жүздер, әсіресе кезінде мына Қызылорда өңірінен кеткендері көбірек. Әлімұлының ішіндегі Кете, одан басқа Дуан, Саркасқа деген руларын, Байұлы ішіндегі Таз деген руларды да кездестірдік. Қоңырат, Ноғай, Саңғыл руларын да кездестіруге болады. Ұлы жүзден Оймауыт руларын да кездестірдік, ақсақалдарымен сөйлесіп, байланыс орнатып та қайттық.

Жалпы, Ауғанстанда өздерін қазақпыз деп есептейтіндер көп. Себебі, олардың аз бөлігі ғана XX ғасырдың басындағы саяси ғалымдар кезінде, қуғын-сүргін немесе ашаршылық кезінде барғандар. Ал басым көбі оның алдындағы орыс отаршылдығы кезінде, Кеңесары көтерілісі тұсында, тіпті одан бұрынғы Жоңғар шапқыншылығы кезінде де ауған жеріне қарай қоныс тепкендерден қалыптасқан. Керек десеңіз, қазақ хандығы құрылудан бұрын, Жошы ұлысы тарағаннан кейін кейбір ру-тайпалардың әртүрлі мемлекеттік құрылымдарға кіруіне байланысты қазақтан тыс қалып

қойған ру-тайпалар да бар. Былайша айтқанда, сол дәуірде жүрілген этникалық процестердің нәтижесінде қазақта бар ру-тайпалардың бір бөлігі сонда қалып қойған дегендей. Мысалы, қанлылар, қыпшақтар, наймандар, қатағандар бар. Олардың антропологиялық типі, тілі өзбектерден гөрі қазақтарға жақын, «и»-дің орнына «ж» деп айтады. Көптеген мақал-мәтелдері, тұрмыстық сөздері, мәдениеті қазақтарға жақын. Бірақ өзбек ағайындардың арасында ұзақ жыл өмір сүргеннен кейін мәдениеті мен тіліне сол өзбектердің ықпалы бар. Сөйтсе де, өзбектерге қарағанда қазақтарға жақын. Шамасы, өзбек тілінің қышпақ диалектісі болар.

Олардың тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттейтін тілші-лингвист ғалымдар да барса, құба-құп болар еді. Ашаршылық, саяси қуғын-сүргін кезінде барған қазақтар өзінен бұрын барғандармен салыстырғанда тарихи жады әлі өше қоймаған. Өздерінің қайдан, қалай келгенін, қай рудағы қай атадан тарайтынын анық біледі. Олардың бәрінің тізімін алдым, қазір де хабарласып отырамын. Жаңа рулар, аталар да табылып жатыр. Олардың елге оралуға деген ынтыасы да күшті, Құдай қаласа, жақын арада келеді деп үміттенемін. Ол үшін елшіліктің жанынан үлкен комиссия жұмыс істеуі керек секілді. Өздерін қазақпыз деп есептейтін, сондай-ақ, тарихи тұрғыда өзін Қазақстанмен байланыстыратын адамдарды сол комиссия зерттеп, этникалық тектерін анықтап елге қайтарып алу керек.

Қазақстанға деген үлкен құрмет бар

– Демек, Ауғанстанмен тығыз тарихи байланысымыз болған ғой. Болашақ қарым-қатынасымыздан не күтесіз?

– Ауғанстанмен соңғы бір ғасырлық тарихымызда ғана алыстадық. Ертеде Абылай ханның өзі Ауғанстандағы билеуші әулеттермен байланыс орнатып, сыртқы ірі күштерге қарсы әскери одақ құру талпынысын да жасаған. Абылай хан ондағы Дурани әулетінен шыққан билеушісі Ахмад шахпен хаттар алмасып отырған. Кеңес Одағы кезінде ғана біздегі байланыс үзіліп қалған, одан бұрын дәстүрлі байланыста болғанбыз. Мысалы, Шымкенттен біз барған Мазари-Шарифке дейін бар болғаны 700-ақ шақырым, Алматы мен Шымкент арасындай-ақ.

Ал алдағы уақытта да Ауғанстанмен қарым-қатынасымыз болмай қоймайды. Өйткені, біріншіден көршіміз, екіншіден Ауғанстан біздің өнімдерімізге, әсіресе, ауылшаруашылық тауарларымызға, мұнай өнімдерімізге мұқтаж, біз үшін үлкен нарық. Қазірдің өзінде көптеген үн өнімдерін, бидай алып отыр. Ондағы нанның бәрі Қазақстанның ұнынан жасалған. Осы кездің өзінде онда не апарсаң да алғалы отыр. Сапарымыз кезінде көп естідік, онда көптеген қазақстандық бизнесмендер барып жатыр екен, олардан да бізге келіп жатыр. Жалпы, стратегиялық тұрғыдан Ауғанстан бізге логистика жағынан өте тиімді ел. Сол арқылы Пәкістан, Үндістанға, одан ары Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне шығуға немесе Иранға, одан ары Ислам әлеміне шығуға болады.

Бір байқағаным, Ауғанстанда біздің Қазақстанға деген үлкен құрмет бар. Біздің көк паспорттымызды көрген, қазақ екенімізді білген ауғандардың көзінен біртүрлі құрмет пен сыйластықты байқап қалдық, әрі қуандық.

– Ауғанстанда 40 миллионға жуық халық бар делінеді. Оқырмандарымыз үшін осы көп халықтың этникалық құрамы да қызық тақырып. Ауған халқының басым көбі парсыға жақын десек те, бізбен этникалық жақындығы бар түркі текті миллиондаған халық та жасап жатыр дегендей. Осы жағын бір қаузап өтсеңіз...

– Дұрыс айтасыз, Ауғанстандағы халықтың этникалық құрамы әртүрлі. Тілдері де, антропологиялық типтері де, мәдениеті мен діні де әртүрлі. Негізі пуштундар ел халқының жартысын құрай-

ды. Олардың тілі иран тілінде сөйлегенімен, тәжік тілінен сәл өзгешелігі бар. Діни сенімі жағынан сүнниттерге жатады. Олар да негізінен тәжіктермен салыстырғанда көшпенді өмір салтын ұстанған халық. Біздің қазақтың дәстүр-салттары секілді өздерінің де әдет-заңдары бар, оны «Пуштун уали» деп атасады, сол дәстүрлерімен өмір сүреді.

Ал пуштундардан өзге түркімендер, өзбектер, қырғыздар, қазақтар, белуджиттер, парсылар мен хазарилер, т.б. түрлі халықтар өмір сүреді. Олардан басқа, жоғарыда айтып кеткенімдей, бізбен тарихи, этникалық тұрғыда жақындығы бар этникалық топтар да бар, қанлылар, қоңыраттар, қыпшақтар деген секілді.

Бір байқағаным, ондағы түркі текті халықтар мен қазіргі тәліптердің билігі арасында белгілі саяси одақ бар секілді. Ауғанстандағы хазарилер түрі жағынан түркілерге келгенімен, діни сенімі Иранға жақын, шиттер болып саналады. Сол сенімдері үшін тәліптер жағынан да, бұрынғы билік жағынан да ұдайы қысымға ұшырап келген. Оған қарағанда өзге түркі халықтарымен тәліп билігі арасында қарама-қайшылық жоқ. Діни сенімдері де ортақ, сүннитті бағытта. Үкіметте, қарулы күштерде, ішкі істер саласында көптеген түркі текті азаматтар жұмыс істеп жүр. Бірақ ұлттық мектептер жоқ, түркіменше, өзбекше, қазақша мектептер жоқ, білім беру орындарының бәрі пуштун тілінде. Соның нәтижесінде халық өзінің этникалық тегінен ажырап қалуы мүмкін.

Қанша дегенмен, ол жерде Иран тілді халықтардың саны да, салмағы да ауырлау, елдің иесі де солар болып саналады. Ал түркі тілдес халықтар не дегенмен екінші орындағы халықтар боп танылады. Оларда да ассимиляциялық процестер жүріп жатыр. Аралас некелер бар, өзбек пен тәжік үйленсе балалары өзбектен гөрі тәжікке қарай ауып кететін жағдай көп. Егер осылай жалғаса беретін болса, ондағы түркі халықтарының бәрі парсыланады, тәжіктеніп кетеді. Сондықтан ең кемінде бізбен тарихи тамыры жақын, сол ортада не өзбекке, не тәжікке жатпайтын этникалық топтарды, жаңағы айтып кеткен қанлы, қыпшақ, қоңырат тайпаларын өзімізге икемдеуіміз керек. Әрине, бірінше кезекте қазақтарды көшіріп алуымыз керек. Одан кейін жақын этникалық топтарға мәдени жұмыстарды жүргізуіміз керек. Мысалы, Қазақстан туралы мәліметтер жеткізіп, жастарына онлайн болса да қазақ тілін, тарихын, мәдениетін үйрететін курстар ашуымыз керек дегендей. Былайша айтқанда, оларды өзімізге, қазаққа тән халық секілді тәрбиелеуіміз керек.

– Бізде шетелдегі қазақтарды елге оралту, оларға қолдау көрсету бойынша шешілмеген мәселелеріміз толып жатыр. Бұл бағытта мемлекет жұмысына қоғамдық сындар да көп, осы кезде сіз айтып отырған ой-идеялар жүзеге аса қояр ма екен? Бұның өзектілігі қай деңгейде?

– Әрине, зиялы қауымның немесе ғылыми ортада мұндай жұмыстардың өзектілігі, болашақ пайдасы ұдайы айтылады, көптеген ұсыныстар да жасалады. Бірақ енді оның бәрі жүзеге асып кете бермейді. Мемлекеттік саясат деген де түрлі объективті, субъективті мәселелерге байланысты ғой. Біз айтып отырған осы істер мемлекет тарапынан жүйелі түрде механизмдер арқылы, түрлі институттар арқылы жүзеге асып жатса, құба-құп. Алайда, еліміз де әлемдік қауымдастықтың бір субъектісі, сондықтан кей дүниені мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру қиынға соғады. Бірақ оның түрлі жолдары бар, мемлекеттік емес ұйымдар, жекелеген бірлестіктер ісі деген секілді. Айталық, халқымызда рулық-тайпалық құрылым әлі де өмір сүріп тұр. Кейбір ру-тайпалардың өзіндік бірлестіктері, өзінен шыққан тұлғаларды насихаттауға құрылған ұйымдары да бар. Жоғарыда айтылған жұмыстарды сол деңгейде де жүзеге асыруға әбден болады. Мысалы, жаңа айтып өткен қанлы, қыпшақ, найман, қоңырат секілді этникалық топтарға біздің сол тайпалардағы бейресми ұйымдар арқылы, ақсақалдары арқылы байланыс орнатуға әбден болады. Кезінде рулы елдің ақсақалдары сол руға ие болып, бас-аяғын түгендеп отыратын даналығымыз да болды ғой. Соны қазіргі заманға лайықтап неге пайдаланбасақ. Мәдени байланыс орнатып, шежірелерді салыстырып, олардың жастарын елге әкеліп оқытуға жекелеген қолдаушыларды тауып дегендей.

Ал бұл мәселенің өзектілігі жайында айтар болсақ, өзіңіз де білесіз, болашағын алыстан ойлайтын елдердің бәрі де «жұмсақ күш» дегенді барынша тиімді қолдануға тырысады. Қытай, Ресей, АҚШ, тіпті Корея болсын, бәрі де «жұмсақ күштерін» пайдаланады. Біз де қазір жас мемлекет емеспіз, Орта Азиядағы ең үлкен еліміз. Егер біз өзімізді сыйлайтын, қадірлейтін болсақ, басқаларға да сыйлататын, қадірлететін болуымыз керек. Ол үшін біз қолдан келгенше «жұмсақ күшті» Ауғанстан, Моңғолия, шамамыз жетіп жатса, Қытай, Кавказ секілді елдерде пайдалануымыз керек. Мәдени байланыстарды тереңдетіп, білім беру гранттарын тағайындап, ғылыми алмасуларды жүзеге асырып, сол елдердегі өзіміздің «жұмсақ күшімізді» қалыптастыруымыз керек болады.

– Тың ойлы, сүбелі әңгімеңіз үшін көп рахмет!

Әңгімелескен Естай БОЖАН.



МҰРАЖАЙ



Дамыған елдер музейді мәдениет бастауы көреді. Соның арқасында адамзаттың өткені мен бүгінінің аражігі білініп тұрады. Халықтың тұрмыс-салты, сан ғасырлар бойғы өткен жолы да сонда. Дүние жүзіне әйгілі Францияда – Лувр, Ресейде – Эрмитаж, Түркияда – Ататүрік сияқты көркем орындар бар. Олардың шежірелі тарихына зер салсаңыз, сол жұрттың жүріп өткен соқпағынан хабар береді. Бізде де бұл іс жолға қойылып келеді. Шетелмен алыс-беріс, барыс-келіс жанданып келеді.

МУЗЕЙ МЕН ТУРИЗМ

Саяхаттап келген кісі сол елдің тарихында не болғанын және ол ел өзінің өткен тарихының белгілерін қаншалықты қастерлейтінін муза сарайы арқылы бағамдай алады

Бұл істердің маңызы жоғары

Еліміздегі музей ісі де ғылым мен мәдениеттің өзге салалары секілді алға ілгерілеп келе жатыр. Жалпы, музей ұғымының тарихына да шолу жасап өткен жөн секілді. Музей – муза сарайы деген ұғымнан бастау алады. Мұралар көрушіге өзгеше ой мен шабыт береді. Музей – өткен тарихтың куәгері ғой. Тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме музей болып саналады. Қазір музей мен туризм егіз ұғым. Яғни туристер барған жерінде музейге соқпай кетпейді. Саяхаттап келген кісі сол елдің тарихында не болғанын және ол ел өзінің өткен тарихының белгілерін қаншалықты қастерлеп жұртқа көрсете алып отыр екен, осыны музей ісі арқылы бағамдай алады.

Ертеде коллекция музейдің негізі қалануына түрткі болды. Жәдігерлер мен көне бұйымдарды жинақтауға әуесқой адамдар (коллекционерлер) бірте-бірте музей деген ұғымды қалыптастырды. Иә, қазақ мұны көненің көзі дейді. Көненің көзін қазақ бастаған ежелгі көшпелі өркениеттегі қауымдар да қадірлейді.

Ең алғашқы коллекционер ретінде ғылымда Аристотель аталады. Әлемнің бірінші ұстазы атанған бұл кісі біздің жыл санауымыздан бұрынғы 384 жылы дүниеге келгені белгілі. Демек, жәдігер жинап жұртқа көрсету ісінің, яғни музей ісінің іргетасы 2385 жыл бұрын қалана бастағанын осыдан білуге болады. Иә, екі жарым мың жыл бұрын өркендеген грек мәдениеті тарихында мұра жинақтаумен Цезарь да айналысқан деген дерек бар.

Ал шын мәнінде көзге көрінерлік музейлер алғаш Еуропада XV–XVIII ғасырларда пайда болды. Ресейде 1811 жылы, ал Қазақ елінде алғаш рет 1830 жылы тұңғыш музей ашылды деп жазады мамандар. 1930 жылы Орынборда құрылған музей бүгінгі Қазақстан Ұлттық музейінің негізі болды. Демек, біз де музей ісі қолға алынғалы 200 жыл болып қалған елдердің біріміз.

Дегенмен, өз тізгіні өзінде болмаған елдің ғылыми мен мәдениетінің қай-қайсысы болмасын кенжелеу дамитыны сөзсіз. Ел егемендік алғаннан кейінгі отыз екі жылда біздің де музей ісі біртіндеп ілгері басуда. 1913 жылы Қазақстанда – 3, 1927 жылы 6 музей болған. Осы сан біртіндеп өсіп отырған. Қазір елімізде үлкенді-кішілі 250 музей бар. Мектеп, білім ордалары, кітапхана секілді мәдениет ошақтарының жыл сайын молайып келе жатқаны сияқты музейлер де біршама жақсы беталыста деп айтуға толық негіз бар.

Аханның ізі һәм қолтаңбасы бар

Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің мемлекет балансына өткеніне биыл екінші жыл. Яғни екі жыл екі ай болды. 1988 жылы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін, ғалымның қызы Шолпан апай әкесінің мұраларының түгенделуіне біршама жұмыстар атқарған. Алаштану ісі тәуелсіздіктен кейін жандана бастады. Бүгінгі күні осы музейдің жетекшісі, ахметтанушы Райхан Сахыбекқызының бұл үйді қызғыштай қорғап келгенін көпшілік жақсы біледі. Шолпан апай өзінің қызындай болып кеткен

Райхан Сахыбекқызына осы үйге қатысты жұмыстарды сеніп тапсырған. Ахмет Байтұрсынұлының туыс ұрпақтарымен бірге құрған қоғамдық қор негізінде отыз жылға жуық мұражай статусында жұмыс істеп келді. 2022 жылы ғалымның 150 жылдығы қарсаңында бұл үй Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты сегіз музейдің бірі болып бекітілді. Бұл күнде музей-үйдің жағдайы жаман емес.

Ахмет Байтұрсынұлы – сегіз қырлы, бір сырлы, теңдессіз ірі ғалым. Ол кісіге соншама көп анықтауыштардың ішінен биік тұлғасына лайық атау – Ұлт ұстазы. Ендеше, ұлтының ұстазы ғұмырында тұрған бұл үйге келіп тағылым алғысы келетін адамдар күн сайын көбеюде.

Ахметтің үйі жәдігерлерге сіресіп толып тұр деп айта алмаймыз. Өмірінде бес рет сотталып, екі рет жер аударылып, соңында «халық жауы» деген атпен атылып кеткен, 51 жыл бойы ақталмай тәуелсіздіктің қарсаңында ғана ақталған бірегей ғалымның артында материалдық мұралар тым көп қалған жоқ. Дегенмен, кітаптары мен баспасөз саласындағы ұшан-теңіз еңбектері қалды. Жекелеген заттары азырақ болғанымен, ұлтқа қасық қаны қалғанша қызмет еткен тұлғаның ғылыми, әдеби мұраларының рухы шарпып, келушілер үлкен шабыт және тағылымды ой алып қайтады. Ірілі-ұсақты 240 жәдігер бар. Әр жәдігердің ашы да тұщы сан қилы тарихы бар.

Ахметтің тұтығынан заттарынан бұрын, ғалым ғұмырының соңында тұрған бұл үйдің тарихы да ерекше. Бұл үй 1860 жылдары салынған. Алматыдағы көне құрылыстардың бірі саналады. Ахметтің үйінде игілігінен жараған көне сандық (114 жыл бұрынғы), үлкен қол шабадан, жұбайы Бадрисафа Мұхамедсадыққызы қолданған ыдыс-аяқтар көрерменнің көңілін тартады. Ахмет кітаптарының, хаттарының түпнұсқалары да ілуде бір кездесетін құнды жәдігерлер. Бір жарым жыл бұрын жаңа әрлеуден өткен бұл үйде өзге де жаңалықтар бар. Келушілер Ахметтің соңғы кезде табылған кітаптары мен домбырасын да осы музей-үйінен көре алады.

Шетел тәжірибесін үйренген жөн

Алматы қаласы әкімдігі, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының айрықша қолдауымен Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты 8 музейден 10 қызметкер Парижде аталған сала бойынша біліктілікті арттыру мақсатында барып қайттық. Франция Ұлттық ескерткіштер орталығы (CMN) Франциядағы барлық музейдің үстінен қарайтын құзыры жоғары ғылыми мекеме екен. Аталған орталықпен биыл көктемде жасасқан келісім негізінде тәжірибе алмастық. Олар бірнеше ай бойы бізге арнап дәрістерін дайындапты. Оншақты күн арнайы сабақ өтіп, Францияның музей саласындағы жетістіктері мен тәжірибесінен ғылыми таным қалыптастырды. Күні бойы сабақ оқытып, кештерде таңдаулы музейлерге, ескерткіштерге апарып отырды. Көңілге түйген, әсер алған толғанған дүние көп. Өзім де Франция сапары туралы кеңірек сапар естелігін жазудамын. Сонда біршама кеңірек баяндалады.

Күллі Еуропа музей ісін дамытқан. Соның көшбасшысы тағы да Франция екені даусыз. Ал Париж – музей қала екен. Менің байқағаным, қаладағы кез келген құрылыстың өзі



Суреттерді түсірген Саят Құсайынов.



жәдігер сияқты сезім береді. Парижде жүрген кісі ол елдің ортағасыр мен XX ғасыр арасындағы дәуірін бастан кешіп жатқандай күйде бола алады. Ал қаласы мұндай болғанда музейі нендей екен деп едік, оны да көрудің сәті түсті. Көне мұралардың мұрты бұзылмаған. Сол күйінде сақталған. Музей саласының қызметі қай елден де көш алда секілді. Заман талабына сай технологиялармен жабдықталуы да ерекше. Адам музейге барғанда алып қайтуы мүмкін болған әсердің бәрін де сезіне алуы үшін жағдайлар жасалған.

Халықтың музей туралы танымы ерекше. Музей ұғымымен күллі жұртшылық бігеқайнасып кеткен. Біз Париждің жаңбырлы маусымында барыппыз. Барғаннан қайтқанша жауын толастамады. Бірақ жауын саяхатшыларға кедергі емес екен. Кей музейлерге кештетіп жетіп барсақ та атшаптырым жерге созылған ұзыннан-ұзақ кезекті көрдік. Музейдегі жәдігерге жетуге асыққан жолаушылар жауынға да, кешке де қарамай өз кезектерін күтіп тұрғаны тәнті етті. Тағы бір қызығы, бұл елде музейге келген 18 жасқа дейінгі кез келген елдің баласы тегін кіре алады, ал Еуроодаққа қарайтын елдердің 25 жасқа дейінгі жастары да Францияның кез келген музейіне тегін аралайды екен. Бұл кісіні ойландыратын дүние. Жалпы, Париждегі он күнде алған ұшан-теңіз әсерді бір сұхбат көлемінде сыйғыза алмайтын сияқтымыз. Қазақстан музейлеріне, соның ішінде Алматы музейлеріне алатын тәжірибелер де бар. Ал біз үшін тым таңсық емес жақтары да бар. Дегенмен, ол ел экономикасының жан тамырын туризммен, соның бір саласы музейден бастап отырған ел. Ал бізде басқашалау екені айтпасақ та түсінікті.

Француздар мәдениетке бай

Мен адамзат тарихындағы Парижде барып тұрып, Луврға бармай кеткен бірінші адаммын-ау деп ойлаймын. Бізге жауапты болған мекеме Париждегі танымал музейлердің, ескерткіштердің бөріне апарды. Сенбі күні Луврды күні бойы аралауға билетін алып, сапарластарымды ертіп кетті. Мен Париж қалалық музейін әріптестеріммен бірге бірнеше сағат бойы аралағаннан кейін, Париж ұлттық кітапханасына кеттім. Онда барудағы мақсатым – Ахмет Байтұрсынұлының биыл ғана өзім құрастырып шығарған екі кітабы жанымда еді, соны осынау дамыған елдің кітапхана қорына сыйға ұсынсам деп ниеттенгенмін. Сапардан қайтатын уақытты есептеп көрсем, сол сенбіден өзге уақыттың ыңғайы жоқ екен. Ахмет Байтұрсынұлына, Алаш арыстарына қатысты мәліметтер

табылып қала ма деп, өзім қаузап жүрген тақырып бойынша да зерттеу жүргізе кетуге бел байлап едім. Сол мақсатпен Ұлттық кітапханасына бардым. Арманым орындалды. Сол жерде оқып жүрген Кәмила атты қарындасымыздың жол бастауымен аталған кітапханаға барып, Ахмет кітабын өткізіп кеттім. Франция Ұлттық кітапханасынан алған әсер де бөлек болды. Әріптестерім Луврға барды, Мона Лизаны көрді. Әлемдегі ең үлкен музейдің іргесіне барып тұрып, кірмей кеткен себебім осы. Қай елге, қай жерге барсам да, кітапханасына кірмей кетпейтін бір «жаман» әдетім бар еді. Дегенмен, Парижде баруға тиісті өзге де үлкен музейлер мен ескерткіштердің бірталайына әріптестермен бірге бардым.

Француздар елінің көркін асырып тұрған көне жәдігерлерін, мәдениеттерін танытуға қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасаған. Ғаламторлық технологиялардың дамуын былай қойғанда, әуежай, бекет, аялдама, дүңгіршектің бәрінде Франция музейлері туралы мәліметтер лықсып тұрады екен. Жарнамалық қызметтері көш алда. Музейлердегі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қызметтер, заманауи құрылғылар арқылы жеті тілде қызмет көрсету, экскурсоводтық қызметсіз-ақ саяхатшыға барлық мәліметті қалаған тілде жеткізу, несің айтасыз, бұл жағы ерекше дамыған.

Музейді заманауи технологиямен көркемдей аламыз

Алматы қаласы мәдениет саласының басшылығы сала мамандарын тәжірибелі елдерге арнайы жіберуі осы арманмен үндес іс. Бір ғана Парижде емес, бір жылдың өзінде Алматы қаласы музейлер бірлестігінің мамандары Италия, Австрия, Озбекстан қатарлы елдердің тәжірибелерін жинақтауға барып келді. Біздің елде де музейлердің басым көпшілігі заманауи технологиялармен жабдықталу үстінде. Өрине, мұны дамыған елдермен салыстыруға әлі ерте. Халқымыздың да музей туралы танымы әлі жоғары деңгейге жеткен жоқ. Сондықтан әр елден тәжірибе жинақтап келген мамандар өздері көрген елдің жетістіктерін Қазақстанға сай үлгіде ұсынады деп ойлаймыз. Өрине, шетел сөйтіпті деп бәрін кезсіз қабылдай беруге болмайды. Тек ұлттық мәдениетіміздің, сан қилы тарихымыздың ісі аңқып тұратындай деңгейге жетуге сала мамандары еліміз халқымен селбесе отырып даму жұмыстарын қолға алады.



Әділет АХМЕТҰЛЫ, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің бөлім меңгерушісі, алаштанушы.



ТОЛҒАНЫС

САҒЫНЫШ АРАЛЫНДА ӨМІР СҮРГЕН

**КСРО Халық суретшісі, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан тұңғыш
КСРО Көркемсурет академиясының академигі,
аты аңызға айналған Орал Таңсықбаевтың туғанына – 120 жыл**

Қаңтардың 14-інде Орал Таңсықбаев пен Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толды. Қазақ бейнелеу өнеріндегі қайталанбас қолтаңбасымен қайран қалдыратын қос тұлға көзі тірісінде бір-бірінің бағасын біліп, бір-бірін биіктегіп, арадан қыл өтпестей тату жандар болған екен. Перзент сүймеген Орал аға Әбекеннің балаларын жанындай жақсы көріп, арқасынан түсірмей күн ұзаққа ойнататын көрінеді. Суретші Өзбекстанға қоныс аударғандағы Әбекеннің қимас көңілін бірде қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакімжан аға Наурызбаевтың былайша әңгімелеп бергені бар еді.



Әркімге туған жері, өз халқы ыстық

– 1952 жылы Әбілхан ағаның өтінішімен екеуіміз Ташкентте тұратын Орал Таңсықбаевқа бардық. Әбекен құрдасын әбден сағынған екен. Оның үстіне сол күндері әйгілі суретші туралы зиялы қауым арасында түрлі әңгіме жүретін. Елге танымал тұлғаларымыздың аузынан «Орал ана жақта өзбектің суретшісі болып жүр ғой» деген жан ауыртатын сөзді жиі еститінбіз. Осы бір сөз тамысымызға тиіп, Әбекенді ертіп Ташкентке тарттық. Оралдың үйінде аунап-қунап біраз күн жаттық. Зайыбы Елизавета жеңгей де сондай қонақжай болып шықты. Біз келген соң айрықша қуаныш үстінде болған Орал аға Өзбекстанның белгілі суретшілерін

қонаққа шақырды. Сондағы ол кісінің ақылы мен парасаты, биік болмысы әлі күнге көз алдымда тұр. Жаратылысы мүлдем бөлек суреткер еді. Бұрын-соңды бұлай жүзбе-жүз бірге болып көрмеппедім. Әбекен екеуі түйдей құрдас қой, әзілдері жарасып, ұзақ қауқылдасты. «Е, бауырларым, әркімге туған жері, өз халқы ыстық қой. Мен оны сезсем керек. Байқап жүрген болсаңдар, менің атамекенге деген сағынышым шығармаларымда көз жасындай мөлтілдеп тұр ғой. Бұл өзбек те бір туысы, арысың. Қай қиырда жүрсең де өз халқыңның атына кір келтірмеуді ойлайсың. Мен қазағымның қонақжайлылығын, мәрт мінезін, мынау өзекеңдер көзі отыр ғой, көңілдеріне келмесін, ұдайы айтып отырамын. Қайда болмайын осы тілектің үстіндемін. Халқымның ұлы өнері, айрықша салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы үнемі жанымда жаңғырып жүреді. Менің елге деген сағынышымды басатын да, жанымды алып қалып жүрген де сол. Осындай халықтың ұл-қыздары бір-біріміздің қадірімізді біліп жүрейік», – деп еді сонда қайран, Ораған. Сол сапардан соң Әбекен құрдасы туралы көп айтатын, көп толқитын болды.

Даланың даналары-ай, десеңші!

«...Бұл бір ғажап қасиетін айтып тауысып бітпейтін бірегей тұлға еді. Опера және балет театрында аз ғана уақыт қызмет істеді. «Қалқаман–Мамырды» безендірді. Осы мына қазіргі «Алатау» қонақүйінің үстіңгі жағында пәтерде тұрды. Жай-күйі болмай жүрді. Екеуіміз құрдаспыз, бір жылдың төліміз ғой.



Кездесе қалсақ әңгімеміз жарасып, сырласа кететінбіз. Бір күні: «Мен Өзбекстан жаққа кететін шығармын», – деді. «Неге?» деп сұрадым. Сондағы көп айтқанынан есімде қалғаны «Ағайындар мақтай береді екен. Тіпті, жұмыс істей алмай қалдым» деп күлген. Хакімжан Наурызбаевтың әңгімесімен үндес Қапан аға Бадыровтың өз аузынан естіген бұл сөздің астарында да көп сыр бұғып жатыр еді.

Орал Таңсықбаевтың бірер жыл өткен соң Алматыға бет бұруы ұлы Мұхтар Әуезовке деген құрметінің арқасында мүмкін болды. Суретші Мұханның өтінішімен қазақтың тұңғыш балеті «Қалқаман–Мамырдың» декорациясын (қоюшы-балетмейстері Великанов) жасады. Екі ұлы тұлғаның достығы ертеден басталған. Ұлттық бейнелеу өнерінің ірі тұлғаларының ізін басқан талантты өкілінің бірі Молдахмет Кенбаевтың мына бір әңгімесі осы ойымыздың бір дәлелі. Алматыдағы бұрынғы Чапаев пен Сәтбаев көшелерінің қиылысындағы биоконбинатта орналасқан шеберханасында Молдахмет аға ағаларын сағынып былайша еске алғанын қалай айтпай кетесін.

– Бір күні менің шеберханама Мұхаң мен Орал аға келді, – деп бастады суретші әңгімесін. – Мәскеуде бір үлкен көрме өтетін болып, соған шығармалар іріктеу жүріп жатқан. Сонда Мұхаң тұңғыш рет Орал Таңсықбаевпен таныстырды. Екеуі әр суреттеріміздің тұсына тоқтап, асықпай назар қоныстатып тұрады. Жүрегім алып ұшып барады. Бір мезетте барып

Мұхан: «Пәлі, Орал, мінез деп мынаны айт. Сенің аттарың асау ғой өзі. Расында, кеңістік керек бізге. Шенберден, стандарттан шығу керек. Кеудеміз де, көзіміз де шайдай ашылды ғой», – деп Орал ағаға қарады. Ол кісі күлімсіреген күйі үнсіз қостап тұр екен. Бұл менің «Қашағанға құрық салу» деген туындым еді. Кейіннен осы картинаны Мәскеудегі Третьяков галереясы аттай қалап алды. Сондағы тірі күнінде аңызға айналған атакты суретшінің менің картинама деген ризалығын үнсіз ғана әдемі жымиысы, маңғаз кейіппен білдіргені әлі күнге көз алдымда тұр. Сол сәттің менің енді қалыптасып келе жатқан шығарма-

шылығыма қаншалықты күш-қуат құйып, қанаттандырып кеткенін қазір айтып жеткізе алмаймын. Кей-кейде енді қайталанбас, көз алдымда қалып қойған сол мәңгілік мезетті, шырын сәтті ет жүрегім елжіреп сағынамын. Даланың даналары-ай, десеңші!

Картиналарына қараған сайын кең дүние құшағын ашып сала береді

Сұңғыла суреткер «өз туған ошағыңнан алыста, өзге өлкеде жүріп өнерінді өрістету мүмкін емес. Шынайы өнер еш боямасыз өз топырағынан ғана тамыр тартады, топыраққа тартып туады екен» деп күнделігінде жазуы қай кезде де, туған топырағынан қайда жүрсе де, оны кастер тұтқанының белгісі. Демек, ата жұртынан тыс өмір сүрсе де одан тамыр үзген жоқ деген сөз. Содан да болар, оның тауларының аласасы жок, оның даласы да әнші! Картиналарына қараған сайын кең дүние құшағын ашып сала береді. Оның ғазиз жүрегі бұл сағыныш сазы тербейді. Содан болар, оны өнертанушылар кеңес бейнелеу өнеріндегі лиризм мен психологизмнің биігі деп тегін атамаса керек. Орал аға елден қанша қашықтап кеткенмен оны іздеп барып, екі арада алтын көпір боп жүрген жандар кешегі корифейлерден қалған жолды жалғай білді. Соның бірі де бірегейі көрнекті каламгер Пернебай Дүйсенбин еді.

«Тау мен дала жыршысы»

Егер 60–70-жылдардағы «Лениншіл жастың» сарғайған беттерін парақтар болсаңыз, онда Пернебайдың қолтаңбасы да сайрап жатыр. Оның ішінде «Ақсу» эстетикалық клубы онсыз шықпайтын. Осы бір жылдары Өзбекәлі Жәнібековтың арқасында сонау Қарағандыда осы басылымның тілшісі боп жүрген жерінен Шерхан Мұртаза «Лениншіл жастың» редакторы болып тағайындалды. Қай жерге барса да жандырып жіберетін Шерағаң «Лениншіл жасқа» жазуымен жасын ойнатқан жігіттерді жинап жатқан кезі. Пернебай да соның бірі еді. Бір күні ол редактордан тосын тапсырма алып, Ташкентке, Орал Таңсықбаевпен кездесуге аттанды. Бұл араға 50 жыл салып кешегі Әбілхан ағадан кейін барып мүмкін болған оқиға еді. Пернекең суретшінің отбасында

бір апта болып, «Лениншіл жасқа» «Тау мен дала жыршысы» деген ғажап төгіліп түскен эссесін жариялады. Осы жарияланым олқылықтың орнын толтырып, ұлы суретші алдындағы парызымыздың мысқалдайын болса да өтегендей еді. Кейіннен Елизавета Яковлевнаның Орал ағаның атынан Пернебайға рахмет айтып жазған хаты да жай емес, ішіне көп сыр түйіп жатқан құсни хат болып шықты. Пернекең де қарап жатпай сол тұста шыққан Күләштің ән табағын, Құрманғазының күйлерін, сонсоң суретшінің өзі аса қадір тұтқан ұлы Мұханның бюстің салып жібереді. Араға аз ғана уақыт салып жазған хатында Елизавета жеңгей сағыныш сазы кеудесін кернеп кеткенде Орал ағаның Мұхтар досының бейнесіне екі көзі боталап ұзақ қарап, қоныр даусын есту үшін телефон шалып, ынтызар көңілін білдіретінін, Құрманғазының күйлері мен Күләштің әндерін сағаттап тыңдайтынын тамсанып жазып, Пернекеңе тосын сыйы үшін рахметін білдірген. Жалпы, Елизавета Яковлевна Орал аға үшін өзі банк қызметкері болса да өнерді терен түсінген Толстойдың жары София Андреевна тәрізді аса бір үлкен эрудит, зиялы, зияткер жан еді.

«Ол – халқының арман-аңсарынан туған тұлға»


Пернебай Дүйсенбин тоқсаныншы жылдың соңында бұл тақырыпқа қайта оралып, тағы да Шерағаңның өтінішімен «Егемен Қазақстанда» «Әнім менің» атты үлкен толғақты туынды жазды. Орал есімі өз Отанына оралып, Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне суретші есімі беріліп, дербес көрмелері өте бастады. Бұның бәрі Өзбекстан билігінің ұлы суретшіге жасаған зор қамқорлығының қасында теңізге тамған тамшыдай еді. Бүгінде Ташкентте 1981 жылы ашылып, көрермен-туристер бір үзілмейтін суретші атындағы мұражай-үйі бар. Оның алғашқы құрушысы әрі директоры Елизавета Яковлевна болды. Қайсыбір жылы болған зілзалада суретшілердің туындыларына да қатты зақым келген еді. Өзбекстан Суретшілер одағының табанды еңбегінің арқасында Орал ағаның туындылары да қалпына келтіріліп, көрермендерімен қайта қауышты. Бүгінде бұл мұражай мемлекеттің қамқорлығында. Таяуда мұражайға Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің қызы, президенттің көмекшісі Сайда ханым арнайы ат басын бұрып, оның мазмұнын, сапасын арттыруға жаңа деңгейде жұмыс жүргізетінін атап өтіпті.

Орал Таңсықбаев 1974 жылы Нөкіс қаласында 70 жылдығы қарсаңында өмірден озып, Ташкенттегі ұлт зиялылары мәңгілікке тыныстап жатқан әйгілі Шағатай зиратына жерленді.

Ғажап әнші, шежіреші, сегіз күрсек көтерген Қалипа апайдың қиын-қыстау заманда тағдырдың қатал сыйынан аман қалып, әлемдік бейнелеу өнерінің жұлдызына айналған жалғыз туғалы толғанысты Әубәкір Ысмайыловтың мына сөзімен аяқтағым келіп отыр.

«...Орта Азия мен Қазақстанда оныммен тайталасатын табиғат жыршысы кемде-кем. Ол – халқының арман-аңсарынан туған тұлға. Ол нағыз романтик-реалист еді».

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.



(anatili.kazgazeta.kz)



МУФТИЯТ

РАМАЗАН АЙЫ

11 наурызда басталады

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы бекіткен 2024 жылға арналған діни мерекелердің күнтізбесіне орай биыл мың айдан да қадірлі Рамазан айы наурыздың он бірі күні басталатыны белгілі болды.



10 сәуір – Ораза айт.
Қасиетті Қадір түні –
5 сәуірден 6 сәуірге қараған түні.
Ал барша мұсылман үшін
ортақ Құрбан айт мейрамы
17–19 маусым аралығында
тойланбақ.
ҚМДБ ресми сайты хабарла-
ғандай, «Хижри айлардың
басталуы халықаралық
астрономиялық зерттеу
орталықтарының мәлімет-
тері негізінде жасалған.
Алайда, діни мерекелердің
нақты күндері жаңа айдың
көрінуіне байланысты
көрсетілген уақыттан бір күн
шегерілуі немесе алға жыл-
жуы мүмкін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.muftiyat.kz).

«АРХИВ – 2025»

«АС-СИХАХ»

«Тіл тәжі және араб тілінің дұрыс сөздері» –
ұлттық қорымызға енген құнды мұра

Еліміздің Мәдениет және ақпарат ми-
нистрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай,
Қазақстанға Отырардан шыққан ғұлама
ғалым, ақын Исмаил бин Хаммад әл-Жауһа-
ри әл-Фарабидің «Ас-Сихах» кітабы
жеткізілді. Кітап атауының қазақша аударма-
сы «Тіл тәжі және араб тілінің дұрыс сөздері»
деп аталады.

Орталық мемлекеттік архив қызметкерлері «Архив–
2025» бағдарламасы аясында, ғылыми-зерттеу жұмыстары-
ның нәтижесінде Мысыр Араб Республикасынан көптеген
тың деректерді елге жеткізді. Сириядағы «Әл-Ассад ұлттық

кітапханасынан табылған құнды еңбек – 40 мың түбірді
біріктірген араб тілінің классикалық түсіндірме сөздігі ретін-
де бағалы. Ұлттық қорымызға енген мұралардың қатарында-
ғы Сөздік араб тілі ғана емес, әдебиеті жөнінде де аса бай
мағлұмат береді. Отырарлық ғұлама ғалымның аталған ең-
бегінің тағы бір қолжазба үлгісі Каир қаласындағы әл-Азһар
университетінің кітапханасынан анықталып, көшірмесі
алынды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің
ғылыми өкілдері Ресей, Франция, Қырғызстан, Беларусь
мемлекеттік архивтерінде, сонымен қатар, Түркия, Иран,
Египет сияқты елдердің кітапханалары мен архивтерінде
жұмыс істеп, Қазақстан тарихына қатысты барлығы 20 мың
парақтан астам құжатты анықтап, олардың көшірмелерін
әкелді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
Орталық мемлекеттік архив директоры:

ЕЛІМІЗДЕ ЖОҚ ТҮПНҰСҚАНЫҢ БІРІ

2022 жылғы архивтің қызметкерлері елге жеткізген
«Ас-Сихах» еңбегі ғалымдар тарапынан зерттелуде. Құн-
ды мұраның елімізде жоқ түпнұсқасының бір бөлігінің
табылуы маңызды жаңалықтың бірі саналады.
Себебі, Исмаил әл-Жауһари әл-Фарабидің бұл шығар-

масы жалпы 6 томнан тұрады. Осыған дейін ғұламаның
«Ас-Сихах» еңбегінің бір томы Алматы қаласындағы
Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар
қорында қолжазба күйінде сақталған болатын. Мұнан
бөлек, бұл құнды еңбектің әртүрлі қолжазба нұсқалары
Лондон, Берлин, Лейден, Париж қалаларындағы кітапха-
налардың қорында бар. Архив мамандарының Мысырдан
тапқан нұсқасы елдегі нұсқаларды толықтыратынына
сенім мол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің баспасөз қызметі).



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.